

**ЕЛБАСЫ
НАУРЫЗ КӨЖЕ
БЕРЕ МЕ?**

ПРЕЗИДЕНТ ШЫРШАСЫН
БІЛЕТІНДЕР ЕЛБАСЫНЫҢ
ЖЫЛБАСЫ КӨЖЕСІН ДЕ КҮТІП ЖҮР

5-бет

Ұлжан БАЙБОСЫНОВА:

«ІНЖУ-МАРЖАН» –
ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕРЛЕРІМІЗДІ
КЕҢІНЕН НАСИХАТТАЙТЫН
БАҒДАРЛАМА

6-бет

**СЕНСАЦИЯ:
КАЗАХСКОМУ
ЯЗЫКУ СВЫШЕ
70 ТЫСЯЧ ЛЕТ?!**

12-бет

ҚАЗАҚ ҮНІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№13 (779), 2 сәуір, 2018



Қасым ҚАЙСЕНОВ:

АЛДЫҢДА АҒАЛАРЫҢ АЗАЙМАСЫН

...Мен бұл арада менің батырлығым Бауыржаннан артқаннан көп жазды деп айтпаймын. Бауыржан деген недоступный адам болатын. Оған екінің бірінің қолы жете бермейтін. Ол – Баукеңнің былайғы жұртқа суықтығы, менмендігі емес, оның жаратылысының биіктігі, табиғатының өзгеше сиректігі.

8-9
бет

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚАЗАҚТЫҢ ҮЙРЕНІП ЖАТҚАНЫ – ҚАСІРЕТ!



7
бет




Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошанов облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасын сынға алып, сөйледі. Сөйлегенде бұй деді: – Тіл оқытудағы әдістемелік құралдарыңыз, методикаларыңыз сын көтермейді. Мен бір ғана мысал келтірейін, бір әріптесім өз ниетімен, орталықта қазақ тілі мен француз тілін бір мезетте оқи бастады. Базалық француз тілін меңгерді де, қазақ тілін үйрене алмады. Демек әдістемеде шикілік бар. Тілдің дамуы – ұлттың болашағына, елдің келешегіне байланысты. Ал егер біз оған осылай атүсті қарайтын болсақ, қайда барамыз ертең?».

ҚАРАҒАНДЫ ҚАШАНҒЫ РЕСЕЙДІҢ БІР ГУБЕРНИЯСЫНДАЙ БОЛА БЕРЕДІ?

Ағылшын суретшісі Джимми Нельсон таяуда жер бетінен із-түзсіз құрып кеткелі тұрған ұлт пен ұлыстардың суреттерін жариялады. Сонда чукша, не-нецтермен қатар біздің қазақ та тұр! Алладан теріс айналса, ана тілін тәрк етіп, ұлттық әдебиетіне елінің ары мен ұяты, ождан деп қарамаса, Алаштың да жер бетінен із-түзсіз жоғалып кетуі мүмкін?! Міне, мәселе қайда жатыр?!

7
бет



ҚОНАЕВ АТА-ТЕГІНІҢ АҚИҚАТЫ

10
бет

Удар по отличникам – МОН отменило привилегии АЛТЫНБЕЛГИЦЕВ

Министерство образования и науки РК нанесло ощутимый удар по институту школьных отличников – отменило привилегии при поступлении в вуз обладателей знака «Алтын белгі» (выпускников, отучившихся все классы на отлично). Отныне при поступлении в вузы МОН сделало ставку на показатели несовершеннолетнего, коррупционного ЕНТ, а все результаты за 11 лет отличной учебы – коту под хвост!



11
бет

ЖАСТАР ЖАҢА ӘЛЕМГЕ ЖОЛ САЛАДЫ

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Жас Отан» жастар қанатының IV съезіне өз құттықтауын жолдады. Оны съезд делегаттарына Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіқалықова оқып берді.



«Қазір бүкіл әлем ауқымды өзгерістерді бастан кешіруде. Төрткүл дүние төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне қадам басты. Біз ұзақ мерзімді мақсаттарымызға қол жеткізу үшін осындай қарқынды өзгерістерді де пайдамызға асыруымыз қажет. Сол үшін біз Қазақстанда саяси-экономикалық, рухани және әлеуметтік жаңғыруларды қолға алдық», — делінген Мемлекет басшысының құттықтау хатында. Президент «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасына ерекше тоқталды. Аталған құжатта ұлттық сана мен таяу жылдары қолға алуды қажет ететін міндеттер белгіленген. Соның ішінде латын әліпбиіне көшу, цифрлық технологиялар, үш тілді білім беру және

тағы басқа маңызды мақсаттар бар. Ал «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты биылғы Жолдауда жаңа заман талаптарына бейімделу мен жоғары жетістіктерге жетудің жолдары көрсетілді. Бес әлеуметтік бастама да біраз мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

«Сендер ата-бабаларымызға арман болған, біздің буынымыз қалаған Тәуелсіздікті ба-

янды етіп, біздің жеңісті жолымыз бен жасампаз дәстүрімізді лайықты жалғастыруға тиістісіңдер. «Жаңа әлемге жол саламыз» деген съездің атауы да жастарымыздың жаңашылдыққа деген ұмтылысын аңғартып, көңілге қуаныш ұялатады. Мен сендердің тың бастамаларыңды әрқашан қолдаймын. Ендеше жаңа әлемге салған жолдарыңыз әрдайым ашық әрі даңғыл болсын!» — деген ақ тілегін білдірді Елбасы.

ДЕПУТАТТАР ДИЗЕЛЬ БАҒАСЫН АРЗАНДАТУДЫ ҰСЫНДЫ

Депутаттар көктемгі егіс жұмыстары үшін диканшыларға арналған дизель отынының бағасын тағы 25-30 пайызға төмендетуді ұсынды.

қарсаңында жанар-жағармай материалдары, атап айтқанда дизель отыны бағасы жыл сайын өсіп отыр. Мәселен, 2015 жылдан бері баға 1,9 есе өскен. Мұндай жағдай егін мен мал шаруашылығы өнімдерінің едәуір қымбаттауына соқтырып, өңірлердегі көптеген шаруалардың қаржылық жағдайын қиындатады.

Депутаттардың пайымынша, бұған ауыл шаруашылығы өнімдеріне жанар-жағармай материалдарының жұмсалатын шығындарының үлесі 25 пайызға

дейін жетуі себеп болуда. «Үкімет көктемгі егіс жұмыстарын жүргізу үшін дизель отынының бағасын өндірілетін зауыттан алғанда 1 литріне 130 теңге белгілеген. Ал өңірлерге жеткізілуін ескерсек, бұл баға орташа есеппен 150 теңгеге дейін көтеріледі. Осыған байланысты белгіленген дизель отынының бағасын қайта қарап және оны 25-30 пайызға дейін төмендету туралы мәселені қарастыруымызды сұраймыз», — деді депутат Жексенбай Дүйсебаев.

СЕНАТОРЛАР БІР КҮНДІК ЖАЛАҚЫЛАРЫН ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНҒА АУДАРАДЫ

Шығыс Қазақстан облысында тұрғындар су тасқынынан зардап шегуде. Осыған байланысты бірқатар аудандарда төтенше жағдай жарияланды.

«Қардың күрт еруі мен толассыз жауын-шашын салдарынан өзендерде су деңгейі шамадан тыс көтеріліп, бес қала (Аягөз, Өскемен, Риддер, Шемонаиха, Семей) және 12 аудан су тасқынына ұшырады. Жергілікті атқарушы орган табиғи апатқа байланысты тиісті шаралар қабылдауда. Барлық шығысқазақстандықтар жұмылып, тілсіз жауға қарсы белсене күресіп жатыр. Алайда, техника мен адам күші барынша жұмылдырылуына қарамастан,

орын алып отырған жағдай қосымша қаржылай қолдауды қажет етеді», — деді Дүйсенғазы Мусин Сенаттың жалпы отырысында. Осы орайда Д.Мусин бұл мәселеде ауызбіршілік пен ағайыншылықты, қамқорлық пен көмек көрсету қажеттігін атап өтіп, бір күндік жалақыны Шығыс Қазақстанға аударуды ұсынды. Өз кезегінде Сенат төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев және өзге де әріптестері сенатордың бұл ұсынысына қолдау білдірді.

САУДА ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӨРТКЕ ҚАУІПСІЗДІГІ ТЕКСЕРІЛЕДІ

Үкіметтің кезекті отырысында Кемероводағы жантүршігерлік оқиға бізге сабақ болуы тиіс деген ҚР Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаев еліміздегі барлық сауда орталықтарын өрт қауіпсіздігіне шұғыл тексеру жүргізуді тапсырды.

Жалпы, Қазақстанда мыңнан астам осындай сауда және ойын-сауық нысандары бар екен. Енді оның барлығы жыл соңына дейін толық тексеруден өтуі тиіс. Бұрындар Төтенше жағдай комитеті орталықтарды тек бекітілген жоспарға сай жылына тек бір рет тексеріп келген-ді. Алпыстан астам адамды ажал құштырған Ресейдегі алапат өрттен шошынған Үкімет сақтанудың амалын шұғыл қарастыра бастады.

Еліміздегі азаматтар балашағасымен киім-кешек алып, кино көруге тамақ ішуге баратын

барлық орталықтарды жыл соңына дейін «101» қызметі өрт қауіпсіздігіне түгел тексеруі тиіс. Яғни, апаттық есіктері ашық па? Оқыс жағдай бола қалса қажетті сатылар мен тілсіз жауды ауыздықтайтын құрылғылар мен дабыл белгілерінің бар-жоқтығы қаралады. Оған қоса Төтенше жағдай комитеті ұсыныс әзірлеп жатыр. Бұл құжат қабылданып жатса, өрт сөндірушілер тексеруді жоспарсыз жүргізетін болады. Ал, тексеру кезінде қауіпсіздік талаптарын бұзғандар анықталса, жаппай қатаң жаза-ланады.

ШЫҒЫСТЫҢ ӘКІМІ ШАРАСЫЗДЫҒЫН КӨРСЕТТІ

Көктем енді күшіне ене басталысымен Шығыс аймақ тасқын судың астында қалды. Бірнеше елді мекендерде адамдар баспанасынан айырылып, енді қайда барарын білмей дал. Облыс әкімі Даниал Ахметов шарасыздан Үкімет басшысына шағымданды.

Даниал Ахметовтың айтуынша, облыста қайықтан бастап, қарапайым су өткізбейтін киімдерге дейін жеткіліксіз екен. Соған қарағанда әкім Шығыс аймаққа биыл көктем келеді деп күтпеген болуы керек.

— Бәке, Төтенше жағдайлар департаментінің бірде-бір құрал заттары жоқ қараңызшы. Мынау мотопомпа дейді. Мысалы норма бойынша 249 болса, біздің облыста 55 ғана. Қайық туралы айтсақ, 69 болуы керек — 14 ғана бар. Ал, жігіттер судың басында жүр ғой, оларға гидро комбинезон мың дана болуы керек. Бізде 86 ғана. Сондықтан, Шығысқа көмекке өзге аймақтардан техника мен адамдар жөнелтіліп жатыр, — деді жыларман күйге түскен тәжірибесі мол әкім Д. Ахметов. Ахметовтың мына түріне қарасақ бірнеше облыстың әкімі, тіпті ҚР Премьер-министрі болды дегенге сену қиын.

Мұны естіген Сағынтаев Ішкі Істер вице-министріне шүйлікті. Қолындағы баяндамасын ғана зуылдатып оқып шыққан Жанат Сүлейменов тосыннан қойылған сұраққа жауап бере алмай қиналды. Бақытжан Сағынтаевтың қандай іс-шара жасалып жатыр деген сұрағына «Рұқсат болса, ол туралы баяндамада жоқ, цифра» — деп мінгірледі вице-министр.



«Баяндамаңызға жазып берген жоқ қой. Сонда сіздер қалай басқарасыздар? Баяндамада жазып бергенді оқып бересіз, жазбаса не болып жатқанды білмейсіздер. Сонында келіп осындай жағдайға душар боламыз. Техника жоқ. Комбинезон жоқ. Мотопомпа жоқ дейсіздер...» — деді Сағынтаев.

Халқы суға батып жатқан ШҚО әкімдігі Астананың мерейтойына 1 млрд. теңгеге сыйлық жасамақшы. Бұл қаражатқа жергілікті билік өкілдері елордада жарқырайтын әрі музыка ойнайтын фонтан орнатпақшы. Ал, облыс әкімінің шағымына қарасақ төтенше жағдайда аса қажет санаулы құрал жабдықтарға аймақта ақша табылмай қалғанға ұқсайды. Ашығын айтсақ ақша емес, жұмыс істейтін ниет табылмай отыр.

«ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ» КІМНІҢ ҚОЛЫНДА КЕТЕДІ?

Депутаттар «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» сатуға қарсы шықты. Мәжілісмендердің айтуынша, мемлекет есебінен төмен пайызды ипотекалық несиесі беріп отырған банк шетелдіктердің қолына түссе, жұрт жеңілдіктен қағылуы мүмкін.

Миллионнан астам салымшысы бар «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» жекешелендірілетін нысандардың қатарында. Үкімет қалталы кәсіпкер тауып, қаржы ұйымын сатқалы отыр. Ал депутаттар банк жеке олигархтың қолына өтсе, қожайыны мемлекеттік жеңілдіктерді алып тастайды деп күдіктенеді. Өйткені, бизнестің көздегені табыс екенін мәжілісмендер жақсы біліп отыр. Яғни, «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» жекешеліндірілсе үй бағасы қымбаттап кетуі мүмкін. «Инвестор келсе, өзінің заңын енгізеді, тәртібін орнатады. Сондықтан мен қарсымын жекешелендіруге. Оны әлде де болса тереңірек зерттеу керек.

Сосын барып қалай ұтымды болады, халыққа түсіндіріп барып, жекешелендіру керек», — деді Мәжіліс депутаты Омархан Өксікбаев. Депутаттардың сөзінше «Бәйтерек» холдингі төрағасының орынбасары мандытып жауап бере алмады. Ал, Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкідегі» барлық жеңілдік сақталады және банк «Нұрлы жер» мен «7-20-25» бағдарламасына қатысады деп банкті қалай да сатуға білек сыбанып отыр. Халық қалаулылары шенеуніктердің мемлекеттік мекемелерді сату саясатына да көңілдері толмайтындарын ашық айтты. Бізде пайда түсіретін нысан болса бірден сата бастаймыз. Өйткені, оған ықпалды біреулер көз салады. Үкімет қазына қаржысына салынған нысандардың көбін өз құнынан 50 пайызға дейін төмен бағаға сатып жіберген. Егер атқамінерлер осы алған беттерінен таймаса, мүлік туралы заңға өзгеріс енгіземіз дейді төменгі палата мүшелері.

ИПОТЕКАЛЫҚ ВАЛЮТАЛЫҚ ҚАРЫЗ ТЕҢГЕГЕ АУЫСТЫРЫЛАДЫ

Ұлттық банк баспана үшін валютамен қарыз алғандардың төлемін теңгеге ауыстырмақ. Ол үшін «Ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру» бағдарламасына түзету енгізілді.

Доллармен несиесі алған азаматтар банкке өтініш жазуына болады. Бұл девальвация әсерінен берешегі артып кеткендердің төлемдерін жеңілдетуге жол ашады. Айта кетейік, елде 23 мыңдай адам ипотекалық несиені АҚШ ақшасымен алған.

— Олардың көбісінің жалғыз баспанасын сақтап қалу үшін, екінші деңгейлі банктермен келісімге қол жеткізілді. Бұл Елбасының биылғы халыққа арнаған жолдауында айтылған тапсырмаға орай жүзеге асты. Президент 2016 жылдың 1 қаңтарына дейін валютамен қарыз алғандарға жеңілдік жасауды міндеттеген. Борышкер 2015 жылғы тамыздағы девальвацияға дейінгі курспен қарызын қайта есептеткенде, берешегі 2 есеге дейін қысқарады, — деді ҚР Ұлттық банкі басқарма басшысы Миниса Хуспудинова.

Біздегі заңға жүгінсек – мемлекеттік ірілі-уақты, түрлі лауазымдағы шенеуніктер халыққа мүлтіксіз қызмет етуге міндетті. Бір сөзбен айтқанда – халықтың қызметшісі. Соның ішінде аймақтық, аудандық, ауылдық әкімдер де тұрғындардың мұң-мұқтажына құлақ түріп, олардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту мақсатында жарғақ құлақтары жастыққа тимей жүгіріп жүруі керек-ті. Сол үшін оларды әкім етіп тағайындайды немесе сайлайды. Өкінішке орай, жайлы орынға жайғасқан жаңағы «жайсаңдар» бұл заңдылық пен тікелей міндеттерін тез ұмытады. Ондайлар өзін сол тұрғындардың әміршісі, жергілікті жердің жаратқан иесіндей сезініп, ойына келгенін айтып, білгенін істейді...

Ауылдық, аудандық, аймақ әкімдері мен министрге дейінгі жоғары лауазымды шенеуніктердің жемқорлыққа салынып, топ-тобымен ұсталып жатқанын жылдар бойы көзіміз көріп келеді. Олардың бірқатары ондаған жыл

жиын өткізуге тура келіп, Рогоз-ныйды қызметінен алу мәселесі қаралмақшы.

– Бұл кадрларды басқару жүйесінің осалдығынан орын алып отырған жағдай. Әкім деген ауылдағы маңызды тұлға емес пе?

АБАЙЛАҢЫЗ, ӘКІМ КЕЛЕ ЖАТҒЫР!..

арқалап түрмеге қамалса, енді біразы ебін тауып, айыппұлмен құтылып кетіп жатыр. Халықтың тұрмыстық жағдайын жақсартуға арналған бағдарламалар бойынша мемлекет тарапынан бөлінген қаржыны талан-таражға салған жәбірлердің тойымсыздығы өз алдына бөлек өңгіме. Бүгін біз мемлекеттік қызметке өз еркімен, халыққа адал еңбек етемін деп ант-су ішіп келген басшылардың мінез-құлқы мен адами бейнесі жайында сөз қозғамақпыз. Қызметке орналасарда құлдық ұрып, құрдай жорғалайтын мансапқорлардың қалай ғана аяқ астынан өзгеріп шыға келетініне таңғаласыз. Қарапайым тұрғындарды мал құрлы көрмей балағаттап, тіпті кол жұмсайтындай жағдайға жеткендерге не деуге болады?

Сөзіміз жалаң болмас үшін, бірнеше мысал келтіре кетейік. Осы жақында ғана Ақмола облысында тағы бір ауыл әкімінің басына бұлт үйірлі. Бұл жолы Есіл ауданындағы «Курск» ауылдық аумағының әкімі Владимир Рогознийдың кісі өліміне қатысты бар деген деректер айтылуда. Владимир Рогозний ауылдасы Баржаксы Жәмішев есімді азаматты түн ортасында шырғт ұйқысынан оятып, машинасына мінгізіп алып кеткен. Араларында қандай кикілжін, қандай жанжалдың болғаны әзірге белгісіз, Жәмішев жүйткіп келе жатқан көліктен секіріп кетіпті. 47 жастағы Жәмішев өлімші күйінде ауруханадан бір-ақ шыққан. Бір жұмадай ес-түссіз жатқан ол наурыздың 22-сінде қайтыс болды. «Курскідегі» әкімдік қызметін небары бір жыл ғана атқарған Владимир Рогозний сол түні өзінің жеке автокөлігімен жүріпті. Бір айта кетерлігі, ол бұған дейін мас күйінде машина айдағаны үшін жүргізушілік құқығынан айрылған-ды. Соған қарамастан қызметін жалғастырған, оған ешқандай әкімшілік шара қолданылмаған. Әкім бұл жолы да удай мас болыпты. Қазір оған қатысты ішіп алып көлік айдау және біреуді өзін-өзі өлтіруге итермелеу баптары бойынша қылмыстық іс қозғалып отыр. Осыған орай, Ақмола облыстық Тәртіптік кеңесінде тағы да жедел

түсініктеме де алмаған, аудан басшыларына да хабарламаған.

Бір қызығы әкімнің үстінен арыз жазылған соң көптеген жылдардан бері шешілмей келе жатқан арық мәселесі бірден шұғыл түрде қолға алынған екен. Сонда қалай болғаны, тұрғындар ауылдағы мәселені шешу үшін міндетті түрде алдымен әкімнен оңбай таяқ жеп алуы керек болғаны ма? Немесе әпербақан әкімдерден өзін қорғау үшін үнемі телеарналарды шақырып, шу шығарып отыруы қажет пе? Олай болса қомақты жалақы алатын аудан, облыс әкімдері мен осы тектес іске тікелей жауап беруге тиісті құқық орындары не бітіріп отыр?

дүрсе қоя берді. «Сен маған сөз қайтарма, түсіндің бе?», – деп сол жұдырығымен оң жақ көзімнен ұрды, – дейді жәбірленуші Дархан Ершоқаев.

Тартоғай ауыл әкімі Досмат Сүйіндік – Ішкі істер саласында қызмет еткен отставкадағы полковник. Демек заң-зәкөнді бес саусағындай біледі деген сөз. Бұл қимылының немен аяқталарын жақсы білуге тиісті. Әлде бұл бұрынғы қызметінен қалған әдет пе?..

Жұдырықала жүгіруден шырайлы Шымкент аймағының әкімдері де шет қалмапты. Өткен жылы КТК телеарнасы Түлкібас ауданына қарасты Ақсу Жабағылының

орта дәрежедегі дене жарақатын салу» бабы бойынша іс қозғапты. Сараптама тағайындап, бірнеше куәлерден түсініктеме де алған.

Қарапайым тұрғындарды қорғаудың орнына әкімдер тарапынан оларға күш көрсету фактілерін әлі де тоқтаусыз келтіре беруге болады. Біздің оқырмандар назарына ұсынып отырған бұл жәйттер кезінде КТК сияқты бірқатар телеарналарда көрсетіліп, жұртшылыққа мәлім болған оқиғалар. «Не үшін танауынан тізіп, өткенді қайта бықсытып отырсындар?» дейгіндер табылар. Оның да өзіндік себептері бар. Біріншіден, жұрт сенім артқан әкімдер, әсіресе ауылдық аумақтардағы атқамінерлер осы сияқты заңбұзушылықтарын тоқтатар емес. Керісінше жыл өткен сайын үдеп бара жатқанын байқауға болады. Екіншіден, «Бас жарылса – бөрік ішінде, қол сынса – жең ішінде» деген сынай танытқан жергілікті жерлерде бұл қылмысқа тосқауыл қоюға баса мән берілмейтінге ұқсайды. Қолданылған әкімшілік шаралардың алшаң басқан әкімдерге әсері аз болғандықтан осындай келеңсіз көріністер қайталанып жатыр. Оны болдырмау үшін не істеу керек? Енді осы сұрақ айналасында ой қозғап көрелік.

Алдымен әкімдердің басым бөлігі бұл қызметке мансап пен байлық үшін баратынын айту керек. Екіншіден, тамыр-таныстық, туыстық факторлары басым. Тіпті осы қызметке көбісі ақша беріп тұрады. Демек олар қызметке кірмей жатып пара беріп заңды бұзудан бастайды. Ал, халыққа адал қызмет етіп, елімді, жерімді көркейтейін деген ой олардың үш ұйықтаса да түсіне кірмейді. Бұл үрдіс шексіз жалғаса бермек. Оны тоқтату үшін ауыл, аудан, аймақ әкімдері мен депутаттарының халықтың өзі сайлауы қажет. Сонда ұнамаған әкімді көпшілік өзі орнынан алып тастай алады. Ал, бізде бәрі керісінше, әкімдерді депутаттар, депутаттарды әкімдер «сайлайды». Былайша айтқанда шексіз шеңбер жасап алған, бәрін өздері шешеді. Халық далада қалады. Бұл өте маңызды мәселе. Атқамінерлерді халықтың өзі сайламай ешқашан тәртіп орнамайды. Олай болмаса әкімдерден таяқ жеп, көзіміз көгеріп, солардың тепкісінде жүре береміз.

Министр болсын, әкім болсын оның әрбір адымы санаулы, жұрт алдындағы белгілі тұлға. Қарапайым адамдар оған сенім артып, соларға қарап сап түзейді. Қиналғанда әкімдерден көмек күтіп, зәбір көргенде солардан қорған іздейді. Өкінішке орай, лауазымдылардың біразы сол сенімді ақтай алмайды. Көздеріне сенім бітіп, төмендегілердің мұның құлағына ілмейді. Соған қарағанда біздің елдегі әрбір мемлекеттік мекеменің кіреберісінде ілулі тұрған «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі» деген ереже сән үшін жазылған ба деп қаласыз. Бұл қағиданы қызметкерлеріміз қашан қатан сақтары белгісіз. Ережені бұзған шенеуніктерге билік заңды қашан қатайтары да беймәлім. Әкім мен депутаттарды шын мәнінде халықтың өзі сайлайтын күнге қашан жетерімізді де ешкім дөп басып айтып бере алмазсы анық. Ал, әзірге «Абайлаңыз, әкім келе жатыр!» деп ескертпеске шарамыз жоқ...



Жұдырықтасуға жақын тұратын шенеуніктер ауылдарда ғана емес, қаладан да табылып қалады. Талдықорған әкімінің орынбасары Аскар Тұтыбаев кабинетінде фермер Алмас Садырбаевпен төбелескен соң қызметінен өз еркімен кеткенін білеміз. Бизнесмен Алмасбек Садырбаев бұрын қол қойылған құжаттарға қайта қол қоймағаны үшін қала әкімінің орынбасарымен төбелескен. Оқиға мемлекеттік қызметшінің кабинетінде болған. Талдықорған қалалық соты Алмасбек Садырбаевты ҚР ҚК 380-бабына сай айыпты деп танып, бір жылға соттаған-ды.

Қызылорда облысында да қол жұмсауға кетері емес әкімдер бар екен. Шиелі ауданы, Тартоғай ауылының тұрғыны Дархан Ершоқаев «округ әкімінен таяқ жедім» деп отыр. Айтуынша, бастығы оны себепсіз ұрып, балағаттаған. Бұдан кейін ауыл тұрғындары әкімнің қызметінен кетугін талап етіп отыр. Бұл оқиғадан бөлек, әлі күнге шешімін таппай келе жатқан ауылдағы қордаланған мәселелер де халықтың әкімге деген кері көзқарасын күшейткен. Дархан Ершоқаев Тартоғай ауылдық округі әкімінің қызметтік көлігінде небәрі үш ай жүргізуші болып істепті. Айтуынша, бастық пен қызметкер арасындағы келеңсіздік жұмыс уақытында туындаған. Білдей бір ауылды басқарып отырған шенеуніктің дөрежелігі алыптай азаматтың ар-намысын аяқасты еткен соң, ақыры жұмыстан кетіп тынған.

– Есікті ашып, бастық дұрыс түсе алмай жатқан соң орындықты барынша жылжытып жатқанда маған жөн-жосықсыз айқайлады. Орындықтың бұдан әрі жылжымайтынын айтып едім, өзіме

тұрғыны Аскар Қойлыбаевты Майлықент ауылдық аумағының басшысы Келесбек Жартыбаев ұлы мен күйеу баласы үшеуі тепкіледі деп хабарлаған болатын. Аяғын да күрекпен ұрып сындырғаны айтылды. Ауруханада жатқан 37 жастағы жігітке дәрігерлер енді екі жылдай жүре алмайтынын айтқан. Ал әкім бұны қып-қызыл жала деп отыр.

Аскар Қойлыбаевтың анасынан қалған үйін Майлықент әкімі Келесбек Жартыбаевтың немере қарындасы сатып алған екен. Сол үйде қалған ұсақ-түйегін алуға барған кезде әкім ұлы және күйеу баласымен қосылып тепкінің астына алған. Дау-дамайға үйдің жаңа иесінің әлгі заттарды бергісі келмегені себеп болған.

Жәбірленушінің айтуынша соққыға жыққан әкім кешірім сұрамақ түгілі, әлдекімдерді ауруханаға жіберіп қорқытқан да көрінеді. «Ақсу Жабағылы ауылының тұрғындары Келесбек Жартыбаевтан өлердей қорқатын болып шықты. Өзге әкімдікті басқарса да осында тұратын ол ауылды ашса алақанында жұмса жұдырығында ұстайды екен. Себебі, төбелесті көрді дегендер көп болғанымен, бәрі айтуға қаймығады» деген қорытындыға келген телеарна қызметкерлері.

Түлкібас ауданындағы ең үлкен ауылды басқаратын Келесбек Жартыбаев өзіне шаң жуытар емес. Жас кезінде көкпаршы болған ол екі мәрте облыстық мәслихатқа депутат боп сайланып та үлгерген. Мүрап мемлекеттік қызметке арнаған Жартыбаев біреуді ұрмақ түгілі жұртқа жақсылық жасаумен келем деп отыр. Ал, түлкібастық тәртіп сақшылары болған жәйтке қатысты «қасақана



«АК ЖОЛ»: МЫ НЕ В СИЛАХ ВАС УТЕШИТЬ, НО МЫ С ВАМИ В ЭТИ СТРАШНЫЕ ДНИ

Слова соболезнования россиянам в связи с трагедией в Кемерово от имени фракции «Ак жол» выразил Азат Перуашев 28 марта на пленарном заседании Мажилиса.

«Как известно, в эти дни тысячи казахстанцев выражают боль и сочувствие родным и близким жертв пожара в российском городе Кемерово, где погибли десятки граждан, большинство из которых дети. В этой связи в России сегодня объявлен общенациональный траур.

Фракция «Ак жол» искренне соболезнует семьям пострадавших и разделяет горе соседей. Мы не в силах вас утешить, но мы с вами в эти страшные дни», — отметил руководитель фракции.

Пресс-служба ДПК «Ак жол»

«АК ЖОЛ»: НАДО ВВЕСТИ МОРАТОРИИ НА СОЗДАНИЕ НОВЫХ ГОСПРЕДПРИЯТИЙ

«Ак жол» вновь предлагает Правительству ввести мораторий на создание новых госпредприятий — об этом заявил Азат Перуашев на «правчасе» о ходе приватизации. Он напомнил, что первая приватизация на заре Независимости не только заложила основы рыночной экономики, но и помогла государству выстоять в непростых условиях, освободив от неэффективных и неэффективных затрат.

В этой связи Перуашев отметил, что «Ак жол» однозначно поддерживает и сам процесс приватизации, и поставленную цель — снизить участие государства в экономике до 15%.

«Но насколько это делается эффективно? Так, за 2017 год продано 190 объектов на сумму 108 млрд. тг. Но за тот же период антимонопольным комитетом согласовано создание 134 новых субъектов квазигоссектора. Причем, не пишут — на какую сумму», — сказал руководитель «Ак жола» и предложил Правительству в рамках второй волны приватизации ввести мораторий на создание новых госпредприятий.

«Мы с таким запросом обращались к Правительству ещё 27 июня 2012 года, но сегодня, ввиду указанных тенденций, вынуждены повторно ставить этот вопрос. Нам пытаются объяснить, будто вновь создаваемые госпредприятия будут работать в других сферах, чем приватизируемые, и это структурно иной подход.

Только в прошлом году

фракция «Ак жол» трижды направляла депутатские запросы о спорной приватизации объектов здравоохранения. И в то же время, за этот же год, создано новых 45 субъектов рынка в системе здравоохранения. Получается — правая рука не знает, что делает левая. Одной рукой госпредприятия приватизируются, а другой — вместо них создаются новые. Какой смысл? Тем более что одной из целей приватизации нам заявляли сокращение расходов бюджета и пополнение Нацфонда. Давайте уже разберемся, в конце концов, куда двигаемся», — подчеркнул Перуашев и выразил мнение, что аналогичным образом надо определиться и по другим секторам экономики.

«Сейчас прозвучало, что ВКО планирует приватизировать местную СПК. Это интересная инициатива, т.к. есть жалобы, что многие СПК не помогают предпринимателям, хотя считаются региональными институтами развития бизнеса. Может Правительству нужно принять системное решение по всем СПК? — добавил он. — Сегодняшняя



дискуссия в очередной раз доказывает, что государство — плохой менеджер. И вопрос не только в приватизации — в квазигоссекторе государственными деньгами менеджеры распоряжаются как собственными, вплоть до того, что выписывают себе миллионные бонусы при убыточности самих компаний».

Перуашев считает, что если они содержатся за госчёт — то их расходы и бюджеты должны утверждаться в установленном порядке, включая рассмотрение в Парламенте.

«Если же такой прозрачности нет — то пусть приватизируются и работают как действительно рыночные структуры, без госфинансирования, зарабатывая в конкурентном поле и платя налоги в бюджет», — заявил он.

27 марта 2018 года,
пресс-служба ДПК
«Ак жол»

ПЕРУАШЕВ ОСУДИЛ ПРИЗЫВЫ О БОЙКОТЕ ТОРГОВЫХ ЦЕНТРОВ В КАЗАХСТАНЕ

Депутат Мажилиса Парламента Азат Перуашев осудил призывы в социальных сетях о бойкоте торговых центров в Казахстане, передает корреспондент Tengrinews.kz. Он отметил, что властям нужно сделать горькие выводы, потому что аналогичные трагедии, как в российском Кемерово, происходят и в Казахстане.

«Были приведены данные, что с введением новой системы оценки рисков количество объектов, подлежащих госконтролю в области пожарной безопасности, уменьшилось с 140 тысяч до 29 тысяч. Другими словами, сегодня более 110 тысяч зданий с массовым пребыванием людей вообще не проверяются на соблюдение пожарной безопасности», — отметил Перуашев в депутатском запросе.

Азат Перуашев обратил внимание, что вопрос безопасности должен рассматриваться гораздо шире.

«Достаточно любому из нас попробовать спуститься по пожарному выходу не только из торговых центров, но и из жилых многоэтажек или административных зданий, где также живут и работают тысячи людей. И в большинстве случаев эти выходы будут закрыты или загромождены. Работоспособность пожарных



сигнализаций, систем автоматического пожаротушения, дымоотведения, комплектация противопожарными зонами, защитными и спасательными средствами — вообще скорее исключение, чем правило», — высказался депутат.

Он отметил, что речь идет не только о торговых центрах, а о более чем 140 тысячах зданий по Казахстану.

«Фракция «Ак жол» осуждает некоторые призывы в социальных сетях о бойкоте торговых центров. Вчера ряд добросовестных предпринимателей сами инициировали внеплановые проверки своих объектов и заявляют о готовности к их контролю чаще, чем положено действующими нормами, которые явно неэффективны. Важно лишь, чтобы целью проверок были не вымогательства, а содействие бизнесу в обеспече-

нии безопасности посетителей. И эти меры не должны остаться, чтобы через месяц забыться до следующей трагедии. Заботу о безопасности граждан нужно ввести в ранг закона и каждодневную практику», — сказал Перуашев.

Депутат заявил, что, помимо защиты от пожаров, речь идет и о безопасности продуктов питания, детских игрушек, техники, зданий, лифтового хозяйства, работе салонов красоты, стоматологических кабинетов, где также гибнут люди.

«Всем известен случай с гибелью 52 пассажиров из Узбекистана, сгоревших на трассе в автобусе. В результате дискуссий в начале текущего года НПП «Атамекен» обратилась в правительство с предложением разработать законопроект об усилении требований безопасности к товарам и услугам. Был проведен ряд совещаний на эту тему с участием правительства и депутатов. Руководством правительства даны соответствующие поручения уполномоченным госорганам в лице комитета технического регулирования. Просим правительство ускорить разработку названного законопроекта и выражаем готовность принять самое активное участие в его подготовке и рассмотрении», — заключил депутат.

tengrinews.kz

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКИЕ СВОБОДЫ — ЭТО ПОВЫШЕНИЕ БЕЗОПАСНОСТИ И КАЧЕСТВА ПРОДУКЦИИ

Предпринимательские свободы должны сопровождаться повышением безопасности и качества продукции — об этом заявил Азат Перуашев, озвучивая депутатский запрос на пленарном заседании Мажилиса.

Вопросы усиления требований безопасности к товарам и услугам (в том числе — пожарной безопасности) в очередной раз поднимают «акжоловцы» в связи с трагедией в Кемерово. Ранее, 30 сентября 2016 года депутаты фракции «Ак жол» обращались в МВД по поводу массовых нарушений пожарной безопасности в высотных зданиях.

В «Ак жоле» считают, что заботу о безопасности граждан нужно ввести в ранг закона и каждодневную практику.

Перуашев напомнил, что Комитет по экономической реформе Мажилиса направил такие рекомендации госорганам еще в 2014 году.

«На эти же вопросы указывали депутаты и спикер Мажилиса при обсуждении законопроектов о стандартизации 13 декабря прошлого года и о совершенствовании условий предпринимательской деятельности 14 февраля текущего года, когда мы настаивали, что предпринимательские свободы должны сопровождаться повышением безопасности и качества продукции. Тогда депутаты подвергли жесткой критике снижение критериев безопасности, поощряющие вседозволенность и недобросовестную конкуренцию», — подчеркнул Перуашев.

Он отметил, что помимо за-



щиты от пожаров, речь идет и о безопасности продуктов питания, детских игрушек, техники, зданий, лифтового хозяйства, работы салонов красоты, стоматологических кабинетов, где также гибнут люди. Депутат привел и недавний случай с гибелью пятидесяти двух пассажиров из Узбекистана в сгоревшем на трассе автобусе и т.д.

«В результате дискуссий в начале текущего года НПП обратилась в Правительство с предложением разработать законопроект об усилении требований безопасности к товарам и услугам, был проведен целый ряд совещаний на эту тему с участием Правительства и депутатов. Руководством Правительства даны соответствующие поручения уполномоченному органу в лице Комитета технического регулирования», — добавил лидер «Ак жола».

В связи с острой актуальностью вопроса фракция «Ак жол» обращается к Правительству с просьбой ускорить разработку названного законопроекта и выражает готовность принять самое активное участие в его подготовке и рассмотрении.

28 марта 2018 года, пресс-служба ДПК «Ак жол»

Осыдан жиырма бес жыл бұрын, 1993 жылы сол кездегі «Өркен-Горизонт» газетіне, кейін 2009 жылы «Жас қазақ үні» газетіне «Елбасы Наурыз көже береді ме?» деген мақала жазып едім. Өткенде Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедидұлының «Егемен Қазақстан» газетінде Наурыз мерекесін жаңаша қалай өткізу керектігі туралы сұхбаты шықты. Ел көңілінде жүрген ой болған соң, көпшілік бұл мақаланы қазір қызу талқылап жатыр.



ЕЛБАСЫ

НАУРЫЗ КӨЖЕ БЕРЕ МЕ?

**ПРЕЗИДЕНТ ШЫРШАСЫН
БІЛЕТІНДЕР ЕЛБАСЫНЫҢ ЖЫЛБАСЫ
КӨЖЕСІН ДЕ КҮТІП ЖҮР**

Жақында Мәдениет және спорт министрлігінің ұйытқы болуымен осы Наурыз мерекесін қалай өткізу керектігі жөнінде Алматыда талқылау болды. Оған барлық БАҚ басшылары, мәдениет пен өнер мекемелері жетекшілері қатысып, өз пікірлері мен ұсыныстарын айтты. Сонда мен жиырма бес жылдан бері көтеріп келе жатқан мәселе – Наурыз мерекесінде Елбасының Наурыз көже беруін тағы да сөз еттім. Енді осымен үшінші рет жазып отырмын. Ал енді ел Рухани жаңғырып жатқанда Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесінде бұл мәселе күн тәртібіне қайта көтерілуі заңды да, табиғи деп білеміз.

Жаңа жыл мерекесінің беделі не үшін жоғары? Өйткені, оған Елбасыдан бастап, елдің бәрі, Ақордадан бастап, ауылға дейін үлкен мән беріп келеді. Тіпті, біздің ата-бабамыздан бері сан ғасыр бойы мойнымызға бұршақ салып, Алла тағаладан тілеп алған Тәуелсіздігіміз де осы жаңа жылдың көлеңкесінде қалып келеді... Кейінгі кезде қазақ басылымдарының аттандауының арқасында ғана біраз өңірлерде 1-желтоқсаннан тігілетін Жаңа жылдық шырша 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күнінен кейін орнатылатын болды.

Жаңа жыл мерекесінің мерейін асырып тұрған мәселе – Президент шыршасы. Оған елдің әр түкпірінен үздік оқушылармен қатар жағдайы төмен оқушылар да келіп, қатысады. Президент шыршасы болған соң, бұған зор мән беріліп, ол облыс, қала, аудан әкімдері шыршасы болып, өңірлерде қайталанып, қарқын алады.

Егер, біз жиырма бес жыл бұрын жазғанымыздай, бүкіл Шығыстың жаңа жылы, Түркі халықтарының жыл басы – Наурыз мерекесінде Президенттің Наурыз көжесі де дәстүрлі түрде берілсе, бұл мерекенің де мәні артып шыға келер еді...

Әрі бұл Елбасымыздың жылда қасиетті Рамазан айында ауызашар беріп жүргеніндей, жетім-жесір, жағдайы нашар жандардың және ардагерлеріміздің жыл сайын күтетін бүкілхалықтық иманды да, игілікті шарасына айналар еді.

Себебі, Наурыз көже жеті дәмнен құралады, Елдің жыл бойы аңсап

күткен қасиетті асы болғандықтан, Елбасының Жылбасы көже беруі Ұлыстың Ұлы күні мерекесінің маңызын тіпті аспандатып, қадірін асырар еді.

Сол Мәдениет министрлігі ұйымдастырған жиында көтерілгендей, Наурыз мерекесінде көп балалы аналар мен әлеуметтік жағдайы нашарларға банкілеріміз несие жеңілдіктерін жасап, кәсіпорындар қайырымдылық пен көмек көрсетіп жатса, нұр істіне нұр болар еді...

Ел сағына күткен Наурыз күс оралып, қыстан қалған қар-мұзды қақырата жарып шыққан Бәйшешек Көктемнің келгеніне сүйінші сұрап, бұр жарғанында бүкіл жер жүзі табиғатының тоңы жібіп, толықси бастайды.

Наурыз келіп, Жер бетінде Күн мен Түн тенелгенде ел бір-бірімен қауышып, ақ тілегін ақтарып жатса, бұдан артық не бар?

Самарқанның көк тасы да жібігенде, салқын тартқан жандар, сарымайдай еріп, бір-біріне кешірім жасап, құшақ жая көрісіп жатса, міне, біздің Елбасының сара саясатындағы Ынтымақ, Бірлік, Татулық осы емес пе?

Бізде Жаңа жылда балалардың Аяз Атадан сыйлық күткені секілді Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесінде Қыдыр атаның жақсылық алып келер жарқын образын символдық бейнеге айналдыру жағы жетіспей жатыр.

«Қазақтың дәстүрлі ұлттық киіміне күллі әлем тамсана, қызыға қарайды. Барлығымыз осы қасиетті күні, басқа да атаулы күндері ұлттық киім киіп шығайық! Байқасаңыз, Тәуелсіздік таңы атқалы бері жоғарғы биліктен Наурыз мерекесінде Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қана әдемі шапан киіп, Ұлы күнінде қалай жүрудің керемет мәдениетті үлгісін көрсетуде. ...Мерекенің өзіне сәйкес айшықтарын түлете отырып, фольклорлық-этнографиялық ауқымнан жалпы қазақстандық мереке дәрежесіне жеткізу керек. Бұл мәселеде Ұлттық намыс пен рухани болмысымызды жаңғырту деген асқақ ой жатыр. Қазір Наурыз дегенде, тігілген киіз үйлерге

келіп, қонақ болып кететіндер мен сырттан бақылайтындар деп екіге бөліп қарауға болады. Мерекеде бақылаушылар болмайды, бәрі де қатысушы болу керек» деді Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедидұлы аталмыш сұхбатында. Сонымен қатар министр Наурыздың негізгі кейіпкерлері ең алдымен балалар болу керектігі туралы орынды ұсыныс айтты.

Ұлттық киім демекші, қазақтың қошқар мүйізді ұлттық ою-өрнекпен көркемделген шапанын еш халықтың шапанымен салыстыруға болмайды. Туыс халықтарымыз, қырғыздар ақ қалпағымен, өзбектер ала тақиясымен өзгешеленсе, қазақтар ұлттық шапанымен ерекшеленеді. Осы жерде айта кету керек, үш жыл бұрын кәсіпқой бокстан әйгілі әлем чемпионы Геннадий Головкин әлем аренасындағы жеңістеріне шатасып, шығыс шапанын (өзбек шапаны) киіп шығып



жүрді. Кейін Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданындағы кәсіпкер-меценат Әбдімәжит Сыздықбек арнайы қазақы оюлы шапан тіктіріп, Монакоға алып барып, өзі кигізді. Содан бері қазақ боксшысы Головкин әлемдік әйгілі жекпе-жектеріне қазақ шапанын киіп шығып жүр. Сол кезде біз бұл жаңалықты Фейсбук парақшасында жариялағанда 3 мыңнан аса адам бөлісіп, 2 мыңға жуық пікір жазылған болатын. Ендеше, біз неге өзіміздің Ұлыстың Ұлы күнімізді ұлттық шапанымызбен көркейте түспейміз?

Сондықтан да министрдің сөзі қуана құптарлық ұсыныс.

Бала кезімізде ауылда Наурыз тойын тойлау үшін барлық ауыл тұрғыны көгалға шығып, тайқазанға әр үйдің жасап келген Наурыз көжесі құйылып, одан бәрі дәм татып, ақ тілектерін айтар еді. Оның соңы ұлттық дәстүрлі ойын-сауыққа, күрес пен көкпарға ұласатын. Кейін ел балашағасымен бірге үйді-үйге кіріп, дәм татып, соғымнан сақталған сыбағадан жасалған Наурыз көже ішер еді. Көшені көгалдандыру жұмыстары да, ағаш егіп, аула тазалау да осы Наурыз мерекесі аясына кіретін.

Наурыз мерекесі еліміздің Батыс өңірлерінде 14-наурызда Амал күні – Көрісумен басталады. Қазір көп жерде бұл мереке бір аптадан бір айға дейін жалғасып келеді.

Ең бастысы, биліктің бұл Наурыз мерекесін сол күні ғана қазақы шапан киіп, қазы-қарта жеп, қымыз ішіп кететін мейрам деп қана емес, Ұлы дала еліндегі Ұлыстың Ұлы күніне – Ұлттық мерекеге айналдыруға түбегейлі бет бұрыс жасауы керек.

Оның алғышартын Мәдениет министрі Арыстанбек Мұхамедидұлы жасап, Алашқа сауын айтып, сауал тастады. Енді бұл ұлт күткен ұтымды ұсыныс ұзағынан сүйіндірсін деп, ел болып, жемісті болуына үлес қосайық, халайық.

Ұлыстың Ұлы күні – жыл басы Өз Наурыз мерекесі құтты болсын, ағайын! Алла жар болып, Мерекеміз Берекеге ұлассын!

Қазыбек ИСА
Qazaquni.kz

■ ТАРИХ



СЕКСЕН ЖЫЛ БҰРЫҢ ШАБЫЛҒАН БӘЙТЕРЕКТЕР

Былтыр және биыл «үлкен террор» деп атаған қанды саяси қуғын-сүргінге 80 жыл толады. Сонымен қатар, Алаш үкіметінің құрылуына, Алаш мемлекеті туының көтерілуіне де, Қазан төңкерісі мен Кеңес Үкіметінің орналастыруына да бір ғасыр толды. Сталиндік қызыл террор Алаш зиялыларын да, кеңес үкіметін орнатқандарды да аяған жоқ.

Екі-үш жылдың ішінде қазақтың сорпа бетіне шыққандары қызыл қырғынға ұшырады, көбісі атылды, атылмағандары абақтыда, лагерьде темір тордың ар жағында азап шегіп дүниеден өтті.

«37-ші жыл» деген сөз саяси қуғын-сүргінді білдіретін «тұрақты сөз тіркесіне» айналып кетті. Шәкәрімдей, Жүсіпбек Аймауытовтай Алаш азаматтары одан бұрын атылды, Жақып Ақпаев абақты мен айдаудардан кешіп ауру халде қайтып дүниеден озды, Алаш көсемі ақын Міржақып Дулатов 1935 жылы лагерьде қайтыс болды, ал қалғандарының көбі 1937 жылы қамалды. Кейбіреулері саяси қуғын-сүргіннің бірінші толқыны кезінде ұлтшыл, алашшыл ретінде сотталып, лагерьлерден бостандыққа шығып, айдаудан қайтып келіп, енді қайтадан тұтқындалды. Сонымен қатар революцияға үлесін қосқан, республиканың басшылығында жүріп коммунистік идеясына бірінші күннен берік болған адамдар да «халық жауларына» айналды. Қысқасы, «байшыл», «ұлтшыл», «пантүрікшіл», «алашшыл», «троцкист», «бухариншы», «тыңшы (шпион)», «фашист», «Отан сатқыны» деген сияқты нақақтан жала-айып тағылып, қазақтың талай оқығандары, ұлттың мүддесін көздегендері, тілеуін тілегендері құрбан болды.

1938 жылдың ақпан айының 25-і мен 26-і аса қайғылы күндер еді. Бір күнде халқымыз Сәкен Сейфуллин мен Ілияс Жансүгіровтей ақындарынан, Құдайберген Жұбановтай тілтанушыдан, Санжар Асфендияровтай дәрігерінен, Темірбек Жүргенев, Сейітқали Меңдешевтей мемлекеттік қайраткерлерінен айрылды. Жалпы, Алматыда осыдан сексен жыл бұрын бір күнде отыз тоғыз зиялы атылды.

Бұдан жарты жыл бұрын Мәскеуде Алаштың Әлихан мен Нығмет Нұрмақов атылды. Жарты жыл кейін Жаһанша Досмұхаметов та құрбан болды. 1937 жылғы желтоқсан айы Мұхаматхан Сейітқұлов, Елдес Омаров, Асылбек Сейітовтің атылуымен басталды. Сәкен, Ілияс, Бейімбет үш бәйтерек болса, солардың екеуі сұрапыл ақпанның аяғында бір күнде атылса, үшіншісі кейін олардың тағдырын қайталады. Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Халел Досмұхамедов, Мұхаматжан Тынышпаев, Ораз Жандосов, Ораз Исаев, Ұзақбай Құлымбетов, Тұрар Рысқұлов... сұм ажал, қанды қуғын-сүргін ешкімді аямады.

Бірақ ардыстардың аттары, ақындардың шығармалары, ғалымдардың еңбектері тарихтан өшірілмеді. Боздақтардың есімдері ел есінде.

«Тар заман» фильмінің экрандарға шығуы – ұрпақтардың құрбан болған зиялы ата-бабаларымызға алғыс, тағзым ретінде түсінуге болады.

Асқар ДАЙЫРБЕК

— Ұлжан Мәлікайдарқызы, өңгімемізді өзіңіз басқаратын Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар мұражайының бүгінгі тыныс- тіршілігінен бастасак...

— Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар мұражайы өз жұмысын сонау 1980 жылдары бастағанды. Мұражай белгілі қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің тікелей ықпал етуімен ашылғандығын айтуымыз қажет. Музейдің ең басты құндылығы — сан ғасырлық тарихы бар құнды жәдігерлерімізді көздің қарашығындай сақтауында.

Сонау XVIII-XIX ғасырдың басында өмір сүрген бақсылардан бастап, одан кейінгі әнші-композитор, күйші-композиторлардың құнды жәдігерлері жинақталды. Атап, айтсақ, Абай, Махамбет, Біржан Сал, Қазанғап, Сүгір және басқаларының аспаптары сақтаулы. Мұндағы мақсат — ұлттық өнеріміздің ұлттық санада жалғасуына, санада сақталуына септігін тигізу.

Ұлжан БАЙБОСЫНОВА,

Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар мұражайының директоры, жыршы:



«ІНЖУ-МАРЖАН» — ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕРЛЕРІМІЗДІ КЕҢІНЕН НАСИХАТТАЙТЫН БАҒДАРЛАМА

Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар мұражайы — өз елінің ұлттық аспаптарын сақтап қалған Орта Азиядағы бірден-бір мұражай екендігін мақтанышпен айта аламыз. Орта Азия ғалымдарының басын қосқан жиындарда шетелдік ғалымдар: «Мынадай керемет музей біздің мемлекеттерімізде жоқ, болған да емес. Сіздердің құнды жәдігерлерді жинақтап, ұлы тұлғаларыңызды ұлықтағандарыңыз үлгі аларлық дүние екен», — деп тандай қағысты.

— Сөзіңіз аузыңызда, соңғы уақытта мұражай қандай көне музыкалық аспаптармен толықты?

— Музейдегі ең үлкен жетістігіміз — былтырғы жылы Ақан серінің 150 жылдық тарихы бар домбырасын тауып, музейдің жәдігерлер қатарына қостық. Сондай-ақ, өздеріңіз білетіндей, биыл Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтпек. Атаулы датаның аясында түрлі шаралар өткізуді жоспарлаудамыз. Ұлы күйшінің өзі мәңгілік сая тапқан Астраханьда Құрманғазы атындағы мәдениет орталығы бар. Аталмыш орталықта сақталған Құрманғазы бабамыздың домбырасын біздің мұражайда өтетін көрмеге уақытша әкелу — жоспарымызда бар. Сонымен қатар, Құрманғазыдай шебер күйшінің домбырасының көшірмесін музейге алып қалмақ ниеттеміз. Аталмыш, іс-шараның аясында Орал өңірінен табылған Құрманғазының шәкірті Ерғали Есжановтың 100 жылдан асқан домбырасын музейге алмақпыз. Қазақтың ұлттық өнерінің негізін қалаған осындай ұлы тұлғалардың аспаптарын іздестіру жұмыстарын жалғастырудамыз.

— Есімі елге белгілі жыршы ретінде жыршылық, жыраулық өнердің даму бағырысы көңіліңізден шыға ма? Осынау өнер түріне деген сұраныс қандай деңгейде?

— Жыраулық, жыршылық өнердің бағзы замандардан бастау алатыны белгілі. Сонау Тоныкөк, Күлтегін кезеңінде-ақ біздің жырларымыз тасқа қашалып жазылды. Түрік қағанаты, Ноғайлы дәуірі, Қазақ хандығы кезеңдерінде жыраулар, жыршылар мемлекеттің құрылуына өздерінің зор үлестерін қосқанын аңғарамыз. Мәселен, қазақ хандығы тұсында Асанқайғы Қазтуғаннан бастап, Кенесарының қасында жүрген Нысанбайлар ұлттық идеологиямызды жазады емес пе? Ата-бабамыздан мұраға



жеткен ұлы өнеріміз өз жалғасын табуда. Төл өнерімізді дәріптеу, кеңінен насихаттау бүгінгі ұрпақ үлесінде. Осыған орай, Алматы қаласының тізгінін Бауыржан Байбек ұстағалы бері қаламызда Халықаралық жыршылар фестивалі дәстүрлі түрде өткізілуде. 2016 жылдың желтоқсан айында яғни, Тәуелсіздік мерекесінің қарсаңында бастау алған халықаралық жыршылар фестивалі тыңдаушыларын бір дүр сілкіндірді. Еліміздің барлық аймағының өнерпаздарымен қоса қарақалпақ, өзбек, түркмен, әзірбайжан, түрік бауырларымыздың жыршылары ортақ өнерімізді ортаға салды. Жыршылық өнерге деген халықтың да ерекше ықылас-пейілін аңғардық. Өнердің бұл түрінің сарқылмайтын қазына екендігіне тағы да бір көз жеткіздік. Мұндай киелі өнерді осылайша жаңғыртуымыз қажет. Яғни ұмытылып кетуіне жол бермеуіміз керек. Басты мақсат — тыңдаушы мен өнерпаздың арасының үзілмеуі. Тыңдаушысы болмаса өнерден ажырап қалуымыз ғажап емес. Жыршылық өнер қашан да тыңдаушысы арқылы дамып, жалғасып келгендігі белгілі. Өйткені, күндік күнге, танды-таңға жалғап салалы жырлар мен терме-толғауларды орындау үшін өрелі тыңдарманы керек. Біз жыршылық өнерді тек тыңдаушы арқылы ғана бойымызда сақтай аламыз. Сондықтан да, жыршыларға

ғасырлар бойғы иеленіп келген тарихи сахнасын қайтарып беруге тиіспіз.

Сонымен бірге, жыршылық өнер еліміздегі ЖОО-да және музыкалық колледждерде арнайы оқу бағдарламалық жүйеге қойылған. Бұл бағытта кәсіби мамандар даярлануының өзі жыршыларға деген сұраныстың бар екендігін айғақтай түседі.

— Ұлжан Мәлікайдарқызы, «Алматы» телеарнасы арқылы көрерменнің көзайымына айналған «Інжу-маржан» бағдарламасының жүргізушісі екеніңіз белгілі. Ұлттық өнерімізді дәріптеген телеарна туралы оқырмандарымыз қаныға түссе...

— «Інжу-маржан» бағдарламасы «Алматы» телеарнасы мен Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар мұражайының екі жақты байланысының нәтижесінде дүниеге келген бағдарлама. Музейде сақтаулы тұрған әрбір аспап тек қана экспонат ретінде тұрған жоқ. Оның арғы жағында біздің күйшілік, әншілік, жыршылық өнерімізбен тұтастай мәдениетіміз жатыр. «Інжу-маржан» — музей мен мұнда сақтаулы тұрған құнды жәдігерлерімізді елі ішінде кеңінен насихаттайтын бағдарлама. Сонымен қатар, өздеріңіз көріп, біліп, жүргендей бағдарламада дәстүрлі өнерінің дүлдүлдері мен, жыршы-термешілеріміз бен күйшілерімізді арнайы қонаққа шақырып, әрбірінің шығармашылығына тереңірек үңілуге

тырысамыз. Шындығында, біздің бұл бағытта өтетін іс-шараларымыз бен концерттеріміз азық етіп жататыны жасырын емес. Өкінішке орай, бүгінгі күні дәстүрлі өнерінің насихаты жоғары деңгейде деп ауыз толтырып айта алмаймыз. Сондықтан да, «Алматы» арнасындағы «Інжу-маржан» бағдарламасы осы олқылықтың орнын шама-шарқынша толтыруда.

Өзге телеарналарға ұқсап, рейтинг қумай, ұлттық өнерімізге шынайы жанашырлық танытуы — көңіл қуантарлық іс. Осы тұста, Әлібек Әлденей басқаратын «Алматы» арнасы ұлттық музыкалық өнерімізді дәріптеп отырған елдіміздегі бірден-бір телеарна екендігін айта кеткенім жөн. Өнер иелеріне зор мүмкіндікті туғызғаны үшін арна басшылығына айтар алғысымыз шексіз.

Бағдарламаның аясында еліміздің түкпір-түкпіріндегі дәстүрлі әншілерімізді елге кеңінен танытудамыз. Күй, жыр, ән секілді өнердің барлық саласы қамтылған. Мәселен, өнер иелері кез-келген шығарманы сахнада аз ғана уақыттың ішінде орындап шығып кетеді. Көбіне әннің шығу тарихы, шығарма авторлары туралы сөз қозғала бермейді. Ал, «Інжу-маржан» сол ән, жыр, термелеріміздің эпсаналарына тереңірек үңіліп, шығарма туралы толық мағлұматты халыққа жеткізуде. Орындаушымен бірге шығарманың тарихына зер салып, оны талқылап, көрерменге ұсынудамыз. Ұлттық өнеріміздің бүгінгі мен болашағы туралы өңгіме өрбітеміз.

Біздің еліміз орындаушыларға, дәстүрлі әншілерге, жыршыларға кенде емес. Бағдарлама барысында біз аға буын, орта буын, жастар барлығын дерлік толық қамтудамыз. Осындай бағдарламаның арқасында бүгінде қоғамда ұлттық өнерімізге деген он көзқарастың қалыптаса бастағаны қуантады. Сонымен қатар, «Інжу-маржан» өнерге енді ғана қадам басқан жастарға серпіліс беруде. Жалпы айтқанда біздің мақсат — өнерімізді жоғалтып алмай, ары қарай өркендеуіне, бүгінгі күндегі ұлттық сананың нығая түсуіне үлес қосу.

— Дәстүрлі өнеріңіз бүгінгі заман талабына сай ету ниетімен эстрадаға ыңғайлап орындайтын әріптестеріңіз туралы не айтасыз?

— Отандық кейбір өнер иелерінде біздің төл туындыларымызды — әндерімізді, күйлерімізді эстрадаға қоспасақ, әлемнің назарын аудара алмаймыз деген түсінік қалыптасты. Бұл негізінде дұрыс емес. Мәселен, мен өзім, 20 жылдан бері жыршылық өнерді бүкіл әлемнің сахналарында насихаттаудамын. Шетелдік сахналарда ұлттық өнеріміз бізге қалай жетті мен де дәл сол калпында шырқаймын. Өзімнің ұстазым Бидас Рүстембеков маған қалай үйретсе, солай жеткізуді өзімнің парызым деп білемін. Бірақ, шетелдік тыңдармандар мені қабылдамай жатыр дей алмаймын. Керісінше, сол Европамыз, яғни, әлем жұртшылығы қазақтың ұлттық өнерін дәл сол калпында жұтып қоюға даяр. Қазақтың ұлттық өнерінен рухани азық алады десем артық айтқандық емес.

Бізге қазір домбыра, гитара, скрипка үшеуін қосып адам түсінбейтін бір дүниелер жасайтындар бар. Осындай әдіс-тәсіл арқылы әлемді тандай қақтырамыз деп ойлайды. «Жаңалық» ашқандай кейіп танытатын мұндай әріптестеріміздің көңілге қонымсыз әрекеттері мені қынжылтады. Оған шетелдіктер таң қалмайды, керісінше, түсінбей қалады. Түптеп келгенде үш аспап үш бөлек жанр. Олардың басы қанша тырыссақ та тоғыспайды. Сондықтан, төл өнерімізді қаз-қалпында сақтағанда ғана ол өзінің құндылығын ешуақытта жоғалтпайды. Ал оны заман талабына сай етеміз деген желеумен өзгерту — ата-бабаның аманатына жасалған қиянат демеске амалымыз жоқ.

— Өңгімеңізге рахмет!

ҚАРАҒАНДЫ

ҚАШАҢҒЫ РЕСЕЙДІҢ БІР ГУБЕРНИЯСЫНДАЙ БОЛА БЕРЕДІ?

Елбасының «Рухани жаңғыруы» ең алдымен, осы мемлекеттік тілді жүйелі жолға қоюна тікелей байланысты! Ұлт өз тілінде сөйлемесе, ұлттық тәуелсіздік деген болмайды!

Ағылшын суретшісі Джимми Нельсон таяуда жер бетінен із-түзсіз құрып кеткелі тұрған ұлт пен ұлыстардың суреттерін жариялады. Сонда чукша, ненецтермен қатар біздің қазақ та тұр! Алладан теріс айналса, ана тілін тәрк етіп, ұлттық әдебиетіне елінің ары мен ұяты, ожданы деп қарамаса, Алаштың да жер бетінен із-түзсіз жоғалып кетуі мүмкін?! Міне, мәселе қайда жатыр?!

Мен осыншама жыл Қарағандыда тұрғалы бір келенсіз дүниені байқап жүрмін. Мемлекеттік тілге өзеуреп қарсы шығып жатқан басқа жұрттың өкілдері көрінбейді, — қазақ тілін

білмейтін қазақтар қарсы шығып жатыр оған! Ең әуелі соларға үйрету керек қазақшаны! Мемлекеттік қызметте отырған қазақ шенеуніктері үйрену керек қазақшаны! Тілдерді дамыту комитеті қағазбастылыққа салынбай, ең әуелі ауызекі қазақша сөйлеудің миханизмін меңгеруі керек! 26 жылдан бері қазақшаны адам түгілі, аю да үйренетін уақыт болды!

Қарағанды қаласы әкімінің мемлекеттік идеологиямен айналысатын орынбасары қазақ тілінің тұнығынан жүзіп ішетін, мемлекетшіл тұлға болуы керек!

Барлық ұлт пен ұлыс қазақтың манайына шоғырланып, Қазақстанның Тәуелсіздігін баянды етуге тиіс! Қазақстан Халық Ассамблеясының бүгінгі таңдағы басты миссиясы — осы! Осы ғана!

Сең қозғалды! Түн кетпеймін десе де, таң атпауын қоймайды! Тәуелсіздік



алғалы Қарағанды облысына қаншама әкім келіп кетті? Мемлекеттік тілге назар аударып, оның көкейкесті проблемаларын жалғанның жарығына шығарып отырған Ерлан Қошанов қана болды!

Қарағанды қашанғы Ресейдің бір губерниясындай бола береді?!

Енді іске сәт!

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ ҚАЗАҚТІЛДІ БАҚ-ТЫ ҚОЛДАУ КЕРЕГІН АЙТТЫ

Қарағанды облыстық әкімдігінде өткен аппараттық жиналыста облыс әкімі Ерлан Қошанов Тілдерді дамыту басқармасының жұмысын қатаң сынға алды, — деп хабарлайды Qamshy.kz ақпарат агенттігі өңір басшысының ресми сайтына сілтеме жасай отырып.

Аймақ басшысы қазақ және ағылшын тілдерін оқыту, іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу жұмыстарын қажетті деңгейде ұйымдастырмай отырған мекемелер мен өңірлерге қатысты шара қолдануды тапсырды.

«2024 жылға қарай іс-қағаздар латын графикасына көшіріледі. Сол кезеңге дейін біз әзір болуымыз керек. Осыған байланысты барлық өңірлерде бірдей оқыту және бейімдеу курстарын ашуды қолға алыңыздар. Мемлекеттік мекемелердің құжат айналымын ішкі бақылау бойынша арнайы жұмыс тобы құрылып, ішкі және шығыс құжаттарының мемлекеттік тілде дайындалуы мен рәсімделуі қатаң бақылауға алынсын. Басқарма басшылары қала, аудан әкімі аппараттары мен мемлекеттік мекемелерден құжаттардың орыс тіліндегі

нұсқасын сұрауды тоқтатын», — деді Ерлан Қошанов Тілдерді дамыту басқармасының басшысы Гүлнәрайым Қантарбековаға қарата.

Тілдерді дамыту басқармасының басшысы Гүлнәрайым Қантарбекованың айтуынша, облыстағы 13 аумақта мемлекеттік тілді оқыту жұмысы жүргізіліп, 2 мың адам оқытылған. Алайда бұл деректер аймақ басшысының көңілінен шықпады.

«Оқыту жағын мен сізге айтайын, біз алысқа кеткен жоқпыз. Мен мұны бақылап, тексеріп көрдім. Оқытуда әдістемелік құралдарыңыз, негізгі методикаларыңыз — оның бәрі сын көтермейді. Бұл негізі біздің болашағымызға, ұлт болашағына, ел болашағына қажет үлкен мәселе! Елбасы «қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деп айтты, соған қандай ықпал жасап жатырсыздар? Тіпті науқан қылу керек, оқыту керек, бұл әріптестеріміздің болашағына керек», — деді Ерлан Қошанов.

Сонымен қатар Ерлан Қошанов мемлекеттік басылымдарда қазақ тілінде шығатын контенттің үлесін ұлғайту әкімдердің міндеті екенін айтты: «Сондықтан да жоспарлы түрде кезең-кезеңмен қазақ тілдегі

материалдар көлемін арттыру мәселесін шешу керек».

Облыс әкімінің дерегінше, мемлекеттік бағдарламада көрсетілген «Мемлекеттік БАҚ-тағы қазақ тіліндегі контенттің үлесі» нысаналы индикаторына облыс бойынша қол жеткізілгенімен, Шахтинск, Балқаш, Қарағанды, Жезқазған, Қаражал, Приозерск, Сәтбаев қалалары мен Осакаровка және Нұра аудандары жоспарланған индикатор әлі жок.

Сөз соңында аймақ басшысы жоғарыда аталған мәселелерге қатысты Тілдерді дамыту басқармасының басшысы мен өз орынбасары Жандос Ақылсерікұлына бірқатар тапсырмалар берді.

«Тіл саясатын жүзеге асыру саласында алдымызда ауқымды мәселелер тұр. Оны жүзеге асыруға барлығымыз бірдей атсалысуымыз қажет. Бұл бағыттағы жұмыстарды үйлестіру Тілдерді дамыту басқармасына жүктеледі. Жандос Ақылсерікұлы, сізге осы бағыттағы жұмыстарды тікелей бақылауға алуды тапсырамын», — деді Ерлан Қошанов.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚАЗАҚТЫҢ ҮЙРЕНІП ЖАТҚАНЫ – ҚАСІРЕТ!

Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошанов облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасын сынға алып, сөйледі. Сөйлегенде бүй деді:

— Тіл оқытудағы әдістемелік құралдарыңыз, методикаларыңыз сын көтермейді. Мен бір ғана мысал келтірейін, бір әріптесім өз ниетімен, орталықта қазақ тілі мен француз тілін бір мезетте оқи бастады. Базалық француз тілін меңгерді де, қазақ тілін үйрене алмады. Демек әдістемеді шикілік бар. Тілдің дамуы — ұлттың болашағына, елдің келешегіне байланысты. Ал егер біз оған осылай атүсті қарайтын болсақ, қайда барамыз ертең?».

Бір жағынан қазақ тілін қазақтың үйреніп жатқаны қасірет! Әйтсе де, әкімге ырзамын! Ерлан мырза қарамағындағы шенеуніктерді бұдан әрі де алқымдап, тіл талабын күшейтсе. Бір әріптесім айтады: «тіл үйрену курсына төменгі шендегілер ғана келіп отырады. Ал беделді, жоғарғы шендегілер сертификат аларда ғана бой көрсетеді. Амал жоқ, ұстаз сертификатты қолына ұстатуға мәжбүр. Қорыққаннан. Ал оларды оқытуға бөлген Үкімет ақшасы желге ұшуда» деп.

Ертеде бір патшаның шолжаң баласы сабақ оқымай ұстазын мезі етіпті. Қажыған ұстаз патшаға наз айтады ғой, баяғы. Билеуші ақылды жан екен. Шешімін тауып, ұстазбен уағдаға келіпті. Ертеңіне ұстаз ханзаданы оқытып жатқан үстіне патша кіріп келіпті. Ұстаз бас салып ұрса жөнелді дейсің. «Сабақ уақытында рұқсатсыз неге кіресіз? Менің жұмысыма неге бөгет боласыз? Бұ не көргеніңіздік?» — дегенге дейін барыпты. Уағда бойынша билеуші де жасқаншақтап, «кешіріңіз»-ді әлденеше қайталап шығып кетіпті. Ерке ханзада сол күннен бастап оқуға бейіл беріп, зейін қойды дейді. Ақылды патша ұстаздың беделін көтеру арқылы түйінді шешті. Бізге де қазақ тілін оқытатын ұстазға билік бермей, беделін көтермей болмайды.

Жанат ТІЛЕГЕНОВ,
Қазақ үні

Сәуір айында Қазақстанның Халық қаһарманы, Халықаралық Фадеев атындағы сыйлықтың лауреаты, көрнекті жазушы, әйгілі партизан Қасым Қайсеновтің туғанына 100 жыл толады. Оқырман назарына көзі тірісінде аты аңызға айналған даңқты батырдан ертеректе алынған сұхбат ұсынылып отыр.

ӘКЕМНІҢ ҮЙІ ӨРТЕНГЕН ЖЫЛЫ ТУЫППЫН

— Аға, өзіңіз айтатын «олжа өміріңіздің» сексен бесінші көктемді құтты болсын! Қайса атанын жүзге жеткен жасың сізге де тілейміз!

— Рахмет, қарғам, құдайым сендерге де ұзақ ғұмыр берсін! Мынау, «туған күнің — 23-сәуір» деп жүр ғой жұрт. Ол туған күнім емес. Бұл — өз өмірімнің ең мықты, қиын-қыстау кезеңіне жол ашқан, ес біліп, есейген кезімде үлкен өмір жолына қадам басқан күнім.

1938-жылы 23-сәуірде апан екеуіміз Павлодар қаласына барып түстік. Өмірімнің жақсылығы да, болашаққа жол сілтеген сәтті күні де сол жерден басталды ғой деп ойлап жүрдім де, соғыстан оралған соң, жаңа паспорт алғанда туған күнім деп «23-сәуірді» жаздырғанмын. Әйтпесе, туған күнімді өзім қайдан білейін. Әкем де білмейді. Әкем арабша хат танытын әжептәуір сауатты адам болатын. Сөйте тұра, қалайда балаларының туған күндеріне мән бермеген. Мен кей кезде әкемнен сұрайтынмын:

— Аға, осы мен қай жылы, қай айда тудым десем, ол айтады: — Сен біздің үй өртенген жылы туғансың, — деп. Оның үйі қашан өртеніп жүргенін кім білсін. Ал енді Павлодарда тұңғыш рет барып паналаған, жұмыс істеген жерім облыстық оқу бөлімі. Сонда инспектор болып орналастым. Облыстық оқу бөлімінің бастығы Маршинин деген орыс азаматы, оның орынбасары — Мұқылыс Баймағамбетов деген казак. Екеуі де тамаша адамдар еді. Солар, апан екеуіміз қол ұстасып барғанда мені өздеріне қызметке алып, апанды облыстық кітапханаға жұмысқа орналастырды. Қызметкерлеріне екеуіміз тұратын үй іздетті. Ол үй табылғанша облононың бастығы Маршинин, екеуіміздің уыздай жастығымызды аяды ма, әйтеуір, бізге ықыласы түсіп, маған: — Мынау менің кабинетім. Ертеңгісін 9-да келемін, кешке 6-да кетемін. 6-дан кейін үй табылғанша, сендердің үйлерің осы болады. Анау диванға жатасындар. Мынау графинге су құйып ішесіңдер, — деп кабинетіндегі дүниелерімен таныстырған. Солай қамқорлық жасады. Екеуіміз, шынында да, күніне бір-екі сәйкі (кішкене жұмсақ нан) сатып аламыз да, графиннен су ішіп жатамыз. Екеуіміздің арамызда үлкен бір жастық бар, құстөсек секілді. Одан басқа ешнәрсе жоқ. Соны кез-келген жерге саламыз да, үстімізге пальтомызды жамылып жата кетеміз. Сөйтіп, семьялық өміріміз басталған.

Павлодардан 1939 жылдың басында мені ең алдымен «Фин соғысына алдық» деді. Облыстық оқу бөлімі үлкен құрметпен шығарып салды. Жолыма ақша, азық-түлік салып беріп, сәт сапар тіледі. Бірақ мені фин соғысына емес, әскери комиссариатта іріктеу кезінде әскери диверсиялық-барлау мектебіне алды. Москва түбінде орман ішінде орналасқан бұл мектепте де мен керемет адамдарға тап болдым. Арнайы мектептің оқытушылары өздері айтқан жоқ, естуімізше, әрқайсысы шетелде ондаған жылдар бойы барлауда болған, өз істерінің шебер мамандары екен. Олардың жан-жақты білімдері мен тәжірибелерінің молдығына оқу барысында көзіміз жете түскен. Жиырма шақты

адам әртүрлі саладан сабақ берді, солардың шын аты-жөндерін білмеймін. Мектепте соғыстың ауыр жағдайында қалай барлау жасап, жаудың күшін іштен қалай талқандаудың айла-тәсілдерін үйретті. Қандай қиыншылыққа болсын төзетіндей сан сынақтан өткізді. Дене тәрбиесінің жаттығуларымен шынықтырды. Қолма-қол айкастың сан түрлі әдісін меңгертті. Бір көрген адамды, елді мекенді, жер-суды, жазу-сызу, цифрларды, картаны есте сақтау қабілеттерімізді ұштады. Парашютпен секіруді, әскери-азаматтық техникаларды жүргізуді, қару-жарактың әр түрін



пайдалануды, қаруды өзіне дарытпауды үйретті. Жалпы, жау тылында қандай жағдайда болмасын, қала ма, дала ма, тау ма, орман ба, соның барлығында жауға соққы беруге дайындалды. Біздерден бес қаруы бойында, сансыз айласы ойында аса қауіпті диверсант-барлаушыны дайындап шығарды. Сонымен бірге қара күш пен айланы ғана емес, саяси сауатымызды да жетілдіріп, жергілікті жұртпен қалай тіл табысып, оларды қалай ұйымдастыру керектігін оқытты. Оқу-жаттығу жылдарым әжептәуір соғыстан кем түспейтіндей өте ауыр болды.

Біздің үкімет күткендегідей соғыс басталды. 1941 жылдың күзінде оқуды бітіріп, аға лейтенант шенімен оңтүстік-батыс майдан штабына келдім. Сол арада мені жау тылына аттандырды. Жау тылындағы көрген оқиғаларымды азды-көпті жазғаным жұртқа белгілі ғой. Ерекше бөліп айтатын нәрсе, партизандық өмірімде кездескен батыр командирлер: Ковпак Сидор Артемович, Примак Иван Кузьмич, Федоров, Тканко секілді өз елінің үлкен патриоттарының қанатының астында тәрбиеленіп, өзім де бірнеше рет отрядтар құрып басқардым. Майдандастым, соғыстым, есейдім. Соғыс аяқталып, ешқайда бармайтыным белгілі болған кезде Украинада қалып қала жаздадым. Украинадағы Ковпак бастаған үлкендер мені аяды, кимады. Еліме барған соң содырлық жасап, пәлеге ұшырайды деп ойлады.

Украинада Ровно қаласы бар. Мені сол қаланың ет комбинатының директорлығына тағайындап қойған еді. Егер де партизандар штабынан документтерін алуға келіп, мен туралы естіп, жолыққан Жұмағали Саин болмағанда, тағдырым қалай болары белгісіз еді. Ровно қаласы батыс Украинада, ол жерде жергілікті ұлтшылдар көп. Бандеровшылардың қалдығы ел арасында, орман ішінде әлі де

бар болатын. Олар кезінде неміс басқыншыларына қосылып, Совет өкіметіне қарсы соғысқан. Көбінің көзін біз де құртқанбыз. Соғыс толық аяқталмай, олардың сарқыншақтары әлі де жаулығын жасап, біз сияқты партизан командирлерін өлтіріп кетіп жатқан кез. Көп адамдар өліп кетті. Ровнода қызметке қалсам, бәлкім, мен де солардың бірі болар едім. Жұмағали екеуіміз танысып, оншақты күн бірге жүрген соң, ол Штаб бастықтарымен айтысып жүріп, мені алып қайтатын болды. Өзі өжет, бірбеткей жан екен, айтқанынан қайтпады. Сөйтіп, Жүмекеңнің арқасында еліме аман-есен оралдым.

— Өмір жолыңызда кездескен жақсы адамдардың көп болғаны естелік әңгімелеріңізден белгілі. Қолыңызға қалам алуға да баулыған

замын. Олардың ашық-жарқын мінездерін, әзілдерін, достыққа, шығармашылыққа адалдықтарын, бірге өткізген қызықты күндерімізді сағынышпен еске аламын. Елуінші жылдардың ішінде танысып, отбасымызбен араласқан қаламгер, өзі де майдангер Кемел Тоқаев еді. Кемел мен туралы «Ерекше тапсырма» деген повесть жазып, оны қазақ, орыс тілдерінде кітап етіп шығарды. Кемел туралы естелігімде жазғанмын. Аяулы азамат, талантты жазушы өмірден тым ерте кетті.

ЖАЛҒАН АТЫ-ЖӨНІМ — БУЛАТОВ ВАСИЛИЙ МИХАЙЛОВИЧ

— Аға, сізді партизандар қауымы және өзіңіз азат еткен Украина «Вася» дейді. Осы бүркеншік есімді қалай алып едіңіз? Бір әңгімеңізден

селолары болды. Екеуі де кісі аттары. Мөлшері орыстар жер ауып келгенде бірінші болып қазық қаққан Толшей, Карпей дегендердің атымен аталса керек. Олар әдеттегідей бау-бақша өсіреді. Помидор, қарбыз, огуіршік деген сияқтылар. Соған апам байғұс (өзімнің әжем), бір ауыз орыстың тілін білмейді, әлгі Карпей селосында, Толшевқа селосында тамырлары бар. Апам ол тамырларына хмель жинап, қолдарына қойдың терісінен жылы биялай тігіп береді. Олар апам бақшасынан жемістерін береді. Тіл білмесе де, солай алыс-беріс жасап, барып-келіп жүреді. Апам әкелген өністердің ішінде бізге, балаларға ұнайтыны — қарбыз. Сырты көкала, іші қызыл, өзі керемет тәтті, дәмді. Әлгінің көкала сыртына дейін жеп қоямыз. Сонда да тоймаймыз. Ауылымыздың 7-10

Алдыңда Ағаларың

Қасым ҚАЙСЕНОВ:

қаламгер ұстаздарыңыздан ерекше есте қалғандары кімдер?

— Жүмекеңдей ақын алып келгеннен кейін Алматымен таныстығым ақын-жазушылардан басталды. Алғаш таныстырған адамы — Сәбит Мұқанов болды. Одан кейін Тайыр Жароков, Қасым Аманжолов, Мұқан Иманжанов, Мұзафар Әлімбаев, Сәуірбек Бакбергенов, Хамит Ерғалиев, Шахмет Құсайынов секілді әдебиеттің аса дарынды өкілдерімен қауышуыма мүмкіндік туды. Бұл да тағдырымның сыйы, Құдайдың бір қолдағаны шығар деп ойлаймын. Мен оларға бауыр басып кеттім. Олар мені ертіп жүреді. Кейде өздері іздеп тауып алады. Әңгіме айтуымды сұрайды. Әлде менен материал алып жазғылары келеді ме. Алғашқылардың бірі болып Сейітжан Омаров, Ғабдол Слановтар жаза бастады. Ғабдол Сланов «Алтай баласы» деген повесть жазып шығарды. Кітабы бар. Сейітжан Омаров жазып-жазып, бір күні айтады: — Қасым, — дейді, — мен сені жазамын деп, міне, көрдің ғой қаншама қолжазбамды. Мен жаза алатын емеспін. Адам өзі қатысып, басынан кешіргеннен кейін жазу қиын екен. Мына қолжазбаларым саған ескерткіш болсын, — деп, көп жазбаларын әкеліп берді. Осында бір жерде сақтаулы. Достарымның біразы жазбақшы болды. Мұқан Иманжанов та мен туралы жазғысы келді. Мұзафардан басқасының жасы менен үлкен еді. Бір күні бас қосып отырғанда маған: — Қасым, сен ғой әңгімені жақсы айтасың. Оны біз жазғанмен, дәл шындықты беру қиын. Сен өзің осы қалай әңгімелесең, солай жазшы. Біз соны үстінен қарап берейік, — дейді. Сөйтіп, мен жаза бастадым. Алғашқы жазғандарым онша жақсы болмауы да мүмкін. Ауызша айтқаннан жазған қиын ғой. Жазуымдағы кемшіліктерді түзейтін, қалай жазу керектігін үйреткен де сол достарым болды. Мен оларға мәңгі ри-

сиздің бала кезіңізде әкеніздің Василий деген дос-тамыры болғандығын, сол есімді өзіңіз ұнатқаныңыз жөнінде естіп едім.

— А-а, иә, бұл «Васяны» да оларға айтқан өзім. Ол былай болды. Біздің жақта бір село — казак, бір село — орыс. Орыс селосында әкемнің Василий деген досы бар еді. Ол кезде біз кіре тасимыз. Сол кіре тасып келе жатып орыс селосына соғамыз. Бізді Вася үйіне қондырып, күтеді. Сондай дәм-тұзымыз жарасқан жақсы адам еді.

Ал жау тылына жіберерде біздің қолымызға фиктивный — өтірік документ берген. Менің ол құжатымдағы аты-жөнім — Булатов Василий Михайлович. Жау тылында осы документпен жүрдім. Немістердің қолына түсіп қалған жағдайда сол құжатымды көрсетемін. Содан «Вася» атанып кеттім.

— «Орыс селосы» дегенде еске түсіп отыр. Ана бір жылы Сіздің ауылға барғанда өзіңізбен жасы қарайлас бір-екі ақсақалды көріп едік. Ол кісілер сіздің бала кезде «тентек қара» атанып, біраз ауылды шұлатқаныңызды еске алысқан. Соның бірі балаларды ұйымдастырып, көрші орыс селосына «жорыққа» аттанып, бау-бақшасына түсіп, содан бір орыс шалға ұсталып «тұтқын» болған хикаяларыңызды естіп едім. Сіз «партизандық қимылды» сонау бала кезден-ақ бастап жіберген сияқтысыз ғой. Ол орыс шалдың аты кім еді? Ол да әкеніздің бір тамыры болыпты ғой.

(Қасым аға менің бұл сауалымызға жақсылып тыңдап алды да, рахаттанып ұзақ күлді... Күлді де, көзінің жасын қолының ұшымен іліп тастап, сәл ойланып қалды. Сосын, алыста қалған балалық дәуренін есіне түсіргендей, жүзі мейлінше мейірлене, көңіл көзімен сол бір шақты көріп отырғандай, әңгімесін жөймен бастады.)

— Иә, иә, ол да орыс... Біздің ауылдың іргесінде бір кезең бар — «Ақ кезең» деген. Соның аржағында Толшевқа, Карповқа деген орыс

жасар балаларының «көсемі» де, «бастығы» да менмін. Қашанда балаларға қай бала содыр, сол бастық болады ғой. Сонан бір күні ақылдастық, «анау орыс селоларынан қарбыз ұрлап жесек қалай болады», — деп. Менің ұсынысымды бәрі мақұлдады. «Жарайды» десті. Сөйтіп, он шақты бала жорыққа шықтық. Ол кезде аяқ киім бізде болмайды. Жаланаяқ жүреміз. Аяқ жарылып кеткен, шып-шып қан шығып жүреді. Ешкі терісінен шалбарымыз, кенептен тігіп берген көйлегіміз болады. Онан басқа бойымызда ештеңеміз жоқ. Содан айдап отырып бардык қой. Қарбыз дегеннің атын білеміз, ал басқа помидор, огуіршік дегендерді ол кезде атын да білмейміз, өздерін де ажырата алмаймыз. Әйтеуір, әкелгенде жейміз. Айтты ма, кім білсін есімде болмады ма? Сонан Карпей селосы қашықта, Толшевқа селосы тау түбінде, біздің ауылға іргелес еді. Соған бардық. Бау-бақшасына қойып кеттік. Қойып кетсек, құдай сақтасын... Тенкейіп-тенкейіп қарбыздар жатыр... Ойпырмай деп, бағана аламыз ғой. Әлгіні алайық десек жұлынбайды. Қатты. Әйтеуір әрең дегенде бірден көліп жұлып аламыз. Бір-бірден көтеріп шықтық, екіден алып жүруге шама жоқ, кішкентаймыз. Енді бақшадан былай шөптің арасына барып жейік дейміз. Шөп қалын. Кесіп жейік десек пышақ та алмағанбыз, ойымызға келмеген. Тасқа періп кеп қалады. Періп кеп қалсақ жарылып қалады. Іші қызыл емес, сап-сары, тарамыс-тарамыс... Дәмін көрсек: дәм жоқ, тату жоқ бір нәрсе. Үйде жеген қарбызымызға ұқсамайды. Бұл піспеген екен деп ойлаймыз. (Сөйтсек ол — тыква — асқабақ екен ғой, оны кейін білдік). «Енді не істейміз» деп антарылғанда, менімен жасты Бүркітбай деген бала бар еді, сол айтады, өзінің тілі сақау: — Не нәлсе қызыл болад — со піскен болад, — дейді. «Ойбай-ау, қып-қызыл нәрселер көп еді ғой. Айда, қайта соған кеттік... Барсақ



АЗАЙМАСЫН

үлкен кісінің жұдырығындай жұмсақ қызыл нәрсе көп екен.

Құдай сақтасын, жұлып алып, жартысын жеп, жартысын қойынға салып жатырмыз. Кенеп көйлегіміз белден ышқырланған ғой. Қойынға әжептәуір нәрсе сияды. Сөйтіп, абыр-сабыр ұрлық қып жүрген адамда не береке бар. Біреуін бітеудей, біреуін жартысын тістеп, жартысын қойынға жүйткітеміз. Онан аққан қышқыл су борбайды бойлай ағып шалбардың ішімен төмен қарай сан, тізе, сираққа құйылады. Жарылған сирақ пен аяқтың үстіне әлгі су тиген кезде тіпті ашиды...

Содан бір уақытта қарасак... Никанор деген шал бар еді. Үйге келіп жүретін. Бойы сарайып әлгі жүгіріп келе жатыр... Қолында ұзын таяғы бар: — Әй, бандылар, ұрылар, мен сендерді қазір... — деп жүгірді... Аяғы да, таяғы да ұзын, алпамсадай кісі. Біздерді тыпыр еткізбеді. Қойнымыз толған жүгіміз бар, қашайық дегенше тасыр-тұсыр жүгіріп келіп ұстап алды. Бәрімізді жинады. Таяғымен жасқап бізді бір жерге иіріп қойды да: — Бандылар, ұрылар, сендерді қазір селоға айдап алып барамын. Селода менің сендерді жейтін аюларым бар, шошқаларым бар, — дейді. Бәріміз жылай бастадық. Оған қарай ма, ұзын таяғымен қақпайлап топырағы борпылдаған шандақ жолға салып айдап келеді. Бағанағы су аққан аяқтарымыз, жылаған, терлеген бет-ауыздарымыз шаңға көміліп, бес баттам болып ұлардай шұлап келеміз... Үйі селонның шетінде екен, әйтеуір. Бізді айдап келіп, ауласына кіргізді де: — Параска, Параска — деді айғайлап. Параскасы кемпірі екен. Бір уақытта кемпірі шықты: — Үйбай-ау, — дейді кемпірі қазақшалап, екеуі де қазақшаға ағып тұр, — анау Исаның баласы, мынау Қайсаның баласы ғой. Әкем-ау, бұларды қайдан айдап келдің? Кемпірдің сөзін біз жақсы көріп, құтқара ма дегендей: — Апа, апа! — деп дауысымызды

күшейтіп, жылауымызды үдете түсеміз. Шал бізді қолға түсіргенін қысқаша айтты да, ағашты қиып, төрт бұрыштап жасаған үйшігі бар екен, соған тықсырып жақындатты. Қарасак: ішінде төрт-бес шошқа жүр... Тізелерінен асқан батпақ, иісі сұмдық жаман... Түрлері қорқынышты, «қорс-қорс» етіп, батпақты танауларымен түртпектеп, бірін-бірі итере ки-мелеп бірдеңе тауып жеп жүрген секілді. Өздері дүңкиген-дүңкиген семіз. Тыным таппай қозғалады. Зәреміз одан әрман ұшты. Үйшіктің терезе сықылды тесігі бар екен, терезінің алдында ішкі жағында науа тұр. Қойнымыздағы олжамызды соған төктірді. Бәрін науаға төктік. Оны шошқалар апыл-ғұпыл жеп жатыр... Бәрін төктірген соң, енді бір кішкентай есігі бар екен «мынаған кіріңдер» деп шошқалар жүрген үйшікке қақпайлады. «Ана-ны жеп жатқанын көрдіңдер ғой, шошқалар енді сендерді жейді», — дейді. Ол бізді есікке тоғытпақшы болады, біз кірмейміз... Бәріміз зарлап, шулап ауланы басқа көтеріп, азан-қазан жылаймыз. Бір уақытта кемпірі үй жақтан шығып:

— Қойшы зарлатпай, құрғырларды, — дейді.

— Бұларды шошқаға жегізу керек, бұлар тағы да келеді, бұлар қоймайды... — деп шал кіжінеді. Біз бақырып-шақырып, үйшіктің есігіне жоламауға тырысқан соң, «жарайды, онда былай жүріңдер» деп жылап-еніреген біздерді айдап ауладан шығарып еді. Үйінің қасы тау ғой, соның бір бетін кесіп қора жасаған ба, үңгір секілді қуысы бар екен. Іші қараңғы. Соның қақпасын ашты: «Енді мынаған кіріңдер, ішінде екі аюым бар. Солар сендерді жесін», — дейді, әлгі шал. Біз зарлап, ұлардай шулап, кейін шегінеміз, ол ұзын таяғын көлденең ұстап алып, бәрімізді үңгірдің қақпасына итереді... Тағы да жалғыз құтқарушымыздай кемпірді шақырып: «Апа, апа» деп біз айғай саламыз. Кемпір болса: —

Қойшы, қойшы, зарлатпай, — дейді. Никанор шал бір кезде шаршады ма, «Жарайды, ендеше былай келіңдер», — деді. Келдік. «Қатар тұрыңдар», — деді. Тұрдық. «Ант ішесіңдер», — дейді.

— Ішеміз, ішеміз!.. Жамырап ант іше бастадық. Бала кезімізде өзіміздің антымыз болушы еді: — Желкеміздің шұқырын көрмейік. Аяқтағы суға ағылып өлейін, көнектегі суға көміліп өлейін, — деп шулай жөнелдік... Никанор шал: — Ай, ол болмайды, мен не айтам, соны қайталайсыңдар, — дейді.

— Бұдан былай ұрлық қылмаймын! Қайталаймыз.

— Огородқа түспейміз! Тағы да қайталаймыз.

— Осы істеген ұрлығымызды әке-шешемізге айтып барамыз! Қайталап айтамыз.

— Ал енді кете беріңдер, — деді.

Ой, кеткенде, айдап кеттік бір... Өмірге қайта келгендей, қуанышымызда шек жоқ... Жарысқан күйі шандақ жолға түсіп, ауылымызды бетке алып, тарттық дейсің... Ауылға жақындадық, ауылға жақындағанда, ол кезде бұлақ көп қой. «Ақ кезеңнің» ар жағында бұлақ бар еді. Бұлаққа жуынып-шайынып, бет-аузымызды, аяқ-қолымызды жуып, түк көрмегендей, түк білмегендей ауылға келіп кірдік.

Сонсын үйге келсем, әкем мені көрді де:

— Әй, Қасым, сен жылапсың ғой, — деді.

— Жыладық.

— Неге?

— Ұрлық қылдық.

— Қайда ұрлық қылдыңдар?

— Никанордың огородына түсіп, қарбыз ұрлап, сонан бізді қамап... — деп, бәрін айтамын ғой. Әкем ішек-сілесі қатып күледі. Менің сөзімді құлағы шалып қалған шешем, катал еді: — А-а, ұрлық қылған екенсің ғой, — деп жүгіріп келіп жақтан салып қалды.

— Әй, ұрма, бәрін өзі айтып тұр ғой, ұрлық қылғанын, — деп әкем қорғалады.

Кейін білсем, менен басқалары үйлеріне айтпапты. Енді бір күні ауылға Никанор келеді. Бәрі тамырлар ғой. Өзге үйлерден де сұрайтын көрінеді. «Балаларың бірдене деді ме» деп. Ешқайсысы айтпапты. Біздің үйге келді. Никанорға әкем менің айтқандарымды айтып беріп, екеуі біраз күліп алды. Екеуі дос болуы керек, сөйтті...

БАУЫРЖАН ДЕГЕН ҚОЛ ЖЕТПЕЙТІН АДАМ БОЛАТЫН

— «Жас күнінде өлең жазбаған қазақ болмайды» деген сөз Сізді де айналып өтпеген секілді. Соғысқа дейін де, соғыстан кейін де өлең жазған екенсіз. Бірақ әлдебір себептермен қойып кетіңіз. Соны айтуға бола ма?

— Айтуға болады. Иә, өлеңді қойып кетуіме бір себептің болғаны рас. Мен жас кезімде өлең жазған адаммын. Соғыстан бұрын Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстық газеттерінде өлеңдерім басылып жүрді. Алғашқы шыққан өлеңдерімнің біразы, газет қиындылары, әлі күнге сақтаулы. Бірақ өлеңдерім онша мықты болмағанмен, әйтеуір, өлең жазғанмын. Ал партизандық «эпопеяға» түсіріп жіберген сол «себеп» бір-жағы бақытым ба деп те ойлаймын.

Елуінші жылдардың басы. Жазушылар баспасында жұмыс істеймін. Ұмытпасам, Абай Құнанбаевтың 110 жылдығы қарсаңында Абайға арнап өлеңдер жинағы шығарылғалы жатыр екен. Ақын атаулы арнау өлеңдер жазуға кіріскен. Мен де бұл науқаннан қалғым келмей, өлең жаздым. Абайдың «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» дегені бар ғой. Міне, соған үндестіріп үш-төрт шумақ өлең жаздым да, жұмыс үстелімнің үстіне тастап кеткенмін. Ол кезде әлі желбастау, бір орында байыз тауып тұрмайтын шағым. Бір келіп қарасам, әлгі өлеңімді үстінен біреу редакциялап кетіпті. Кімнің қолтанбасы екенін ажырата алмадым. «Бір аяқ қымыздың екі аяқ желігі бар» дегендей, сол күні орнымызда отырмай, тағы да кеттік. Ертеңінде кеңсеге келсем, кешегі өлең жазылған қағаз жоқ. Оны кім алды деп жігіттерден сұрастырсам, ешкім жарытып ештеңе айтпады. Сөйтіп, сол өлеңді іздеген мен жоқ, ұмытып кеткем. Сөйтсем, біраз уақыттар өткенде өлеңдер жинағы шағын ғана кітапша болып шығыпты. Ол кітаптың шыққанын да білмеймін. Бір күні сол кітапты қолына алып Жұбан Молдағалиев келді. Түтігіп кеткен. Әбден ыза болған. Неге екенін кім білсін?.. Келе сала маған тіл тигізді:

— Сен жүліксің, — деді.

— Неге?

— Міне, сен мен редакциялап кеткен дүниені өз атыңнан жіберіп қойыпсың.

— Әй, мен оны білмеймін. Мен берген жоқпын. Сұра жұрттан, — десе, тыңдар емес. Екеуіміз сол күні қатты сөзге келдік. Ол маған қатты тіл тигізді. Оның сөзі жаным батып кеткен сон: — Әй, Жұбан (ол менен екі жас кіші еді), сен жасыңның кішілігіне қарамай, маған тіл тигіздің. Және нақақтан. Оны өзін қой. Бірақ енді мен өлең жазбай-ақ қояйын. Өлеңді сен-ақ жаз. Бірақ сен ақын болып ақындардың алдына шығасың ба — шықпайсың ба, білмеймін. Ал мен өзімнің бастан кешкен оқиғаларымды жазып-ақ, әлі жұрттың алдына шығамын. Осы есінде болсын! Міне, бұдан былай бір ауыз өлең жазбасқа ант етемін, — дедім де, сол күні өлеңді тастап кеттім. Өлеңді тастадым да, партизан тақырыбына көштім. Ал енді мақтанғаным емес. Мен сол кезде қандай іске бет бұрсам да, өзімнің далада қалмайтынымды сезетінмін. Мысалы, әнші болып кетсем де (оқуына түссем, тәп-тәуір дауысым бар-ды), әртис болсам да, тіпті спортпен шұғылданып күреске барсам да, әйтеуір, елеусіз қалмайтындығымды анық сезіне бастағанмын. Соған сендім. Енді, міне, көрмейсің бе. Қайта басылғаны бар, қазақша, орысша, украинша және басқа тілдердегісі бар, жиыны отыздай кітап шығарыппын. Қазір осы партизандар тақырыбын қазақ әдебиетіне алып келген мен десем, оған ешкім дау айта алмас. Менің кітаптарым шығып жатқан тұста Әди Шәріпов те, Тоқтағали Жангелдин де бұл тақырыпқа бір ауыз сөз жазған жоқ болатын. Әди де, Тоқтағали да соғыстан бұрын жоғары дәрежелі білім алған, білімді адамдар еді. Біреуі министр, одан кейін премьер-министрдің орынбасары, екіншісі философия институтының директоры, ғылым докторлары. Мен қолтанба жазып кітаптарымды апарып берген кезде Әди: Қасым, бізде де жазатын нәрсе бар еді. Бірақ мынадай жұмыстан қол тимейді, — дейтін. Мен оларға қалжындап: — Сендер мансап қуған төре адамсыңдар. Бірақ түбінде бұған оралыңдар, ұят болады, — деп

жүрдім. Содан ақырында екеуі де партизандық өмірлерінен кітаптар жазып шығарды. Әди Шәріпов тіпті үдетіп жазды.

Ал енді мен туралы жүз елуей ақын-жазушылар шығармаларын арнады. Журналистер қауымы жабыла жазды, теледидарда сөйлетті. Екі арнайы деректі кино түсірді. Сөзімнің соңында айтарым, олардың көбінің жасы менен кішілер ғой. Мені көп жазды. Жәйі келсе, Баукеңді мендегі жазған жоқ шығар. Мен бұл арада менің батырлығым Бауыржаннан артқаннан көп жазды деп айтпаймын. Бауыржан деген недоступный адам болатын. Оған екінің бірінің қолы жете бермейтін. Ол — Баукеңнің былайғы жұртқа суықтығы, менмендігі емес, ол оның жаратылысының биіктігі, табиғатының өзгеше сиректігі. Баукең көпке ұқсаса, көптің бірі болса, бәлкім, ол Бауыржан да болмас еді. Сондықтан Баукең жөнінде қолы жеткендер ғана жазды. Ал менің көп жазылуымның себебі: жұрттың бәріне «дорогой» деймін. Үлкені де, кішісі де маған үйір. Бәрімен бірге жүре беремін. Сол үлкенді-кішілі қаламгерлердің барлығына рахметімді айтамын. Өйткені, олардың жазғандары маған қатты әсер етіп ойландырды. Олар да менің кішкентай болса да тәрбиешім бола білді. Дұрыс келе жатқан жолымнан ауытқымауыма, ақ жолдан таймауыма рухани күш берді, жігер қосты, сенімдімді бекіте түсті. Мен туралы кім бір ауыз сөз жазса да, солардың барлығына ризамын.

— Аға, 85-ке не дейсіз?

— Ана бір жылы 80-ге келдім. «80-ге келдің» деп жұртшылық тойлады. Офицерлер үйіне жиналысқа апарғанға дейін мен 80-ге келдім деп сезінген жоқпын. Көңіл қартаймайды ғой. Мен сексенге келемін деп ойлаған жоқпын. Содан ел жиналған залға кірсем, сахна төріне «Қасым Қайсенов — 80» деп жазып қойыпты. Жиналыс барысында Ел Президентінен бастап Парламент басшыларынан құттықтау папкелер беріп жатыр. Біреуін ашып көрсем, бір жағына «Қасым Қайсенов 80-де» деп жазып суретімді басса, екінші жағында «80-ге келген жасыңыз құтты болсын!» деп құттықтау жазады. Артыма қарасам, сахна төріне тағы да жазып қойған. Амал жоқ, содан сол 80-ді мойындап отырдым.

Ал қазір жұрт «85-ке келдің» деп жатыр. Оның енді аз екенін, көп екенін өзін де түсініп отырған жоқпын. Бірақ, әйтеуір, қартайғандық қой. Әбден қарт адамның бірі болдық қой. Соны білем. Мына адам, алдында үлкен ағаларың болмаса, тез қартайды екенсің. Менің алдымда енді екі-үш ағаларым қалды. Онан басқасының бәрінен үлкенмін. Құдай алдындағы ағаны азайтпасын деп тілеу керек жастарға. Әртүрлі жастар бар ғой, «85-ке келдің» деп жұрт айтып жатыр, біреулер «тойлайық» деп жатыр. Не істесендер де, еріктерің ғой. Кезінде 80-ді мойындасам, енді сексеннің бесеуіне «келсем келген келген шығармын» деп мойындап отырмын. Бұрын бата бермейтінмін. Енді бата бере бастадым: Менің жасыма кел, — деп бата беремін. Ал менің жасымнан артық Құдай тағы да өмір берсе, қалған жасқа жаяу жетесің! — деймін.

Барлығына айтарым сол. Амансау болыңдар, өркендерің өссін!

— Рахмет, аға, айтқаныңыз келсін!

Еркін НҰРАЗХАН,
ҚР Суретшілер одағының мүшесі

«Менің атам, яғни әкемнің әкесі Жұмабай Қонайұлы Хадиша атты татар қызына үйленген екен. Бұл оқиғаның біздің әулеттің бет-әлпетіне елеулі түрде әсер еткенін аңғаруға болады. Бірақ, біздің қазақ ұлтты да руды да ерек кіндікке, атаға қарап жіктейді емес пе? Айтатындар айта берсін. Осы жағынан алып қарағанда өз басым 100 пайыз қазақпын».

Мұхтар Шахановтың
«Қонаевпен сырласу» атты кітабынан

БӘЙДІБЕК БИДІН ҰРПАҒЫ, ЕҢКЕ БАТЫРДЫҢ ЖИЕНІ

Соңғы кездері кейбір баспасөзде, интернет сайттарында Димекеннің ата-тегін теріс қаулап, жалған дүрлікпе (сенсация) туғызып, Қонаев абырой-атағына, әлемдік танымалдығына ерекше тұлғалық қасиетіне нұқсан келтірушілер көріне бастады. Димекен көзінің тірісінде өзінің таза қазақ екенін бұлтартпай дәлелдеп, мұны өзінен сұхбат алған Мұхтар Шахановқа тәптіштеп түсіндірген. Міне, сондықтан мен мақаланың кіріспесіне эпиграф етіп, Мұхана айтқан Димекеннің өз сөзін қазқалпында текке беріп отырған жоқпын. Руының, ұлтының кім екенің әр адам өзі ғана біледі. Міне, сондықтан Димекеннің «Мен 100 пайыз қазақпын» деп айтқанын білмейтін немесе әдейі жоққа шығарушылар қатты қателеседі. Атам қазақтың «өзі болған жігіттің түп-атасын сұрама, қызынып қаузама» деген даналығын ұқпайтындар, аузына келгенін айта берсін. Одан Құдай артық жаратқан Қонаевтың ұлылығы төмендемейді, қайта асқақтап, зорая береді.

Жиырма жылға жуықтады менің Димекен ата-тегің індетте зерттеп, жазып келе жатқаныма. Ол — қазақ және қазақтың бағына туған кемегер. Әз-Тәуке ханынан кейін «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» Димекен тұсында болды. Бұған ешкім дауласа қоймас. Осы ұлы тұлғаның қазір дүрбелең туғызып жатқан ата-тегі туралы бәрін басынан бастауға тура келіп отыр.

Мен өткен ғасырдың сексенінші жылдары Алматының шығыс жағындағы «Татарка» деп аталатын қаланың бір түкпірінде «квартирант» болып тұрдым. Дәлірек айтқанда «Гражданская» №7 үйде пәтер жалдадым.

Бірде дүкен маңында бір татар әжеге кездейсоқ кездесіп қалдым. Қазақша судай ағып тұр. Әңгімеден әңгіме шығып, ол кезде Қазақстанның бірінші басшысы Д.Қонаевтың ата-бабалары жөнінде әлгі әже өткен-кеткенді жыр қылып айтты. Арқа жақтан ауып, Балқаш өңіріне келіп, одан Алатау етегіндегі осы маңда тұрақтаған Қонай шіріген бай екен. Алматы базарына байдың құжынаған малы келгенде көше шаңнан көрінбей кетеді екен. Қонайдың жалғыз баласы Жұмабай осындағы татар мешітінде дін сауатын ашып, соңында бір татар қызына үйленеді. Неге екені белгісіз, әже айтқан осы әңгіме есімде ерекше сақталып қалды.

Кейін Қонайұлы Жұмабай қажаының татар әйелінің аты Хадиша екенін білдім. Біреулер тіпті, бірі қазақ, бірі татар ерлі-зайыптылардың тұрған үйлері деп ескі мекен-жайларды да көрсетті. Жаңылмасам, Татаркадағы Қазан мен Уфа қысқа көшелерінің

аралығындағы шатырлы көк үй Жұмабай қажының деп меңзегендер болды. Мұны әбден сұрастырып, білуге, дәлелдеуге менде ол кезде ниет болған жоқ. Татарканың күншығысындағы көне мұсылман қорымында Димекеннің атасы Жұмабай қажы Қонайұлының және әжесі Хадишаның нағашысы Бөйіт сопының жермен жексен болып кеткен мүрдeleri осы зиратта жатыр. Бұл маңға алпысыншы жылдары құрылыс түсіп, зиратты сүремекші болғанда оқыс жағдай болып, әрекет тоқтайды. Димекеннің тиісті адамдарға



ҚОНАЕВ

ата-тегінің ақиқаты

айтқан нұсқауы бойынша ағаш егіліп, кейін бұл маң саябаққа айналады.

Жұмабай мен Хадишаның оннан аса ұл-қызы болған. Қазақ отбасыларында қашанда көп бала өмірге келіп, ержеткенін еске алсақ — Қонай әулетінде қазақ иісі ежелден аңқиды. Әр нәсілді екі ерлі-зайыптының (қазақ, татар) нысаналы болып туған ұлдары Меңліахмет еді. Зайыбы Жұмабай қажы, өзі дін жолын ұстаған кейуана Хадиша әже атақты көпес Ысқақбайға туыстық жақындығы, бар текті жердің қызы екенін «Қонай әулетінің» шежіре кітабы дәлелдейді. «Киіз кітапшада» ұлты татар деп жазылмаған Хадиша Сағалбайқызы қазақтанған ноғай екенін аңғартады. Әженің қазақ салтын ұстағаны соншалық — жаздықүндері ауласына киіз үй тігіп, қонақ күтетіні татарларды тамсандырған.

Татаркада шамамен 1880 жылдары салынған, кейін Кеңес үкіметі кезінде бір мекемеге айналып, соңында қайтадан ғибадатқана болған көне мұсылман мешітінде («Фатима») Жұмабай Қонайұлы оқып, молда атағын алады. Ол кілең қазақтар тұратын Күрті, Балқаш өңірінде жаздықүндері бала оқытып, діни ілім таратады. Соңында Меккеге екі рет қажылыққа барады.

Ұлы Меңліахмет басында нағашыларының қарамағында саудаға араласады. Қазаққа «Жиен ел болмас» деген мәтел бар емес пе. Ноғай ағайындар «Сенің түбін қозақ (қазақ) деп оған «Қозақ» деген лақап ат беріп, Мәкеннің (Меңліахмет) тегін есіне салып отырған. Мәкеннің «Шежіре» кітабында қазақша жыл қайырып, естелік айтуы, ұл-қыздарының ай күнін қазақша ай аттарымен жазуы. Ол кісінің нәсіл-тегі қазақ екенін айырықша айғақтайды. Ақын шалыс Мекен қазақ салты бойынша ататек толғауын жазған. Колжазба сақтаған.

Үйсін-Бәйдібектен бастап, Ысты-Ойықтан таратып, Азынабай-Қонай әулетіне дейін тізіп, сонын өзімен жалғастырып, өзінен кейінгі балаларының шөберелерін санамалап, тегін Ұлы жүз деп түйіндейді. Бәрін тізу мүмкін емес. Мекеннің «Киіз кітабы» бойынша Димекеннің жеті ата шежіресі: Дінмұхамед — Меңліахмед — Жұмабай — Қонай — Азынбай — Нұрманбет — Жолым болып жалғасып, Ысты — Бәйдібекке барып бірақ тіреледі. Шынайы шежіреде кате жоқ.

Қазақтың қаһарман батыры Бауыржан Момышұлы Димекеннің әкесі Меңліахмет қариямен кездесіп, ұзақ әңгіме-сұхбат құрып, қаны да, жаны да қазақтың тектілігіне, сұңғылалығына қайран қалған ғой. Қазақтың шежіре тек ілімін, түп-түқиян тарихын Әлкей Марғұлан мен Бауқеннен артық білген адам жоқ. «Қонаевтың нәсілі басқа» деген сөз бұл екі ғұламаның бірінің аузынан шыққан емес. Димекеннің түбі шикі болса, кезінде екі данағой бір ұрымтал тұста дәлелдеп айтар еді ғой. Қонаевтың тегі жайында жел сөзге желіккендер осыны білсе екен...

Ұлы жүз — Үйсін «Қонай-Азынабай» жұрты әулет тарихын, тегін, жер-су қонысын Мұхтар Әуезов те жетік білген. Атақты «Абай жолы» романында көп кейіпкерлердің бірі рулы ел тірегі Қонайдың аты бірнеше жерге кездеседі. Жанам кейіпкердің бейнесі былай суреттеледі: «ұзын сары келген, бойында артық қырым ет жоқ дейтіндей сүйекті, сіңірлі Қонай кең жауырынды, қараңғы кештерде алпамсадай бойымен биік аттын үстінде ол түйе мінген кісідей көрінеді». Жазушы Қонайдың кең дала, ұлы сахара қазағы, елде белгілі адам екенін кітабында көрсетеді. Шығармада Қонайдың ұрықары, барымташыларға қарсы

жасақ жинаған ержүрек ретінде бейнесі айшықталады. Қонай жазушының кітабына текке ілінбеген, текті кісі. Көшіп-қонып жүрген сахараның малсақ қазағы.

1984 жылы «Жалын» баспасынан жарық көрген Шона Сымақанұлының «Үміт жұлдызы» атты кітабында Қохан ханына қарсы қол бастаған Қонай — «Жанай» деген атпен шығармаға арқау болған.

Шөкен кітабында Қонайдың әкесі Азынабай о бастағы атажұрты Қаратау етегінен көшіп, Жетісудағы Желтораңғы жеріне келеді, одан Сарыарқадағы Құнанбай еліне барып, қайтадан Балқаш өңіріне тұрақтап, соңында Алатау атырабынан бірақ шығады. Қазақтардың Құдай берген өзінің кең даласында шыр айнала көшіп-қонып жүргені шындық. «Азынабай — Қонай» көші ежелгі тұрмысты дәлелдейді.

Димекеннің ұлы атасы Қонай оның белбаласы Жұмабай, зайыбы Хадиша және олардың ұрпағы Меңліахмет туралы жоғарыда бәрін дәлелдеп айттық. «Алып анандан туады» деген. Енді шешесі, Зәуре Байырқызының зәу-зат, тегі жөнінде әңгімелеу артық болмас. Зәуре ана ежелгі ел, қабырғалы Қаңлының қызы. Оңтүстіктен ертеректе көшіп келген «қара қаңлы» деген тайпадан тарайды. Ұрпақтары Қазығұрт өмірінде ескерткіш қойған атақты Еңке батырдың -Зәуре зәу-заты. Әулет шежіресі былай жалғасады: Зәуре — Байырқызы — Шынболат — Өмірзақ — Баубек — Таза-Еңке болып, жіктеліп кете береді. Өзі Үйсін-Бәйдібек бидің ұрпағы, нағашылары Қаңлы Еңке батырдың зәу-заты Қонаев осы жерде өзі айтқандай «100 пайыз» қазақ екенін көзге ұрып көрсетіп тұрған жоқ па? Димекеннің нағашылары жөнінде «Хан болған қаңлы» деп әзілдейтіні бар.

НЕГЕ ТАТАР БОЛЫП ЖАЗЫЛУЫНЫҢ ТАРИХЫ

Димекеннің «татар» болып жазылуының тарихы генерал қазақ Сабыр Рахимовтың «өзбек» болып туу туралы куәлік алуына әбден ұқсайды. Сөкенің шешесі өзбек қызы болды. Ол Ташкентте амалсыз осы ұлттың атын алды. Ал, Димекеннің әжесі татар еді. «Татаркада» ол да осылай нағашыларының нәсіліне жазылып, еріксіз «татар» атанды. Енді осы оқиғаның сырына үңілейік. Аты мұсылман әлеміне әйгілі, ғұлама Қырым татары Ғ.Гаспринский ашқан медреселердің бірі Алматыда да болған. Бала Димашты әкесі Меңліахмет алғаш осы дін мектебіне әкеледі. Басында анкета толтырғанда ұлты «қазақ» деп жазады. Баланы ұстаздар «татар емес» деп қабылдағысы келмейді. Қайткен күнде баласын оқытуды ойлаған Мекен «әжесі татар және ол алпауыт Ысқақбайдың туысы, татар» деп жазсандар да болады. Әйтеуір балам оқыса екен» деп жалынды. Анкетада ұлты татар болып толтырылады. Бұл бір. Екінші, Димекеннің туған атасы Жұмабай қайтыс болып, әулеттегі барлық билік Хадиша әжесінің құзырына көшеді. Ол немерелерінің бәрін «татар» деп жазуды қаласа керек. Димекеннің «әжемиз татар болыпты» деп айтуына қарағанда басқа ұлт өкілі болып куәлік алғанын да меңзейді.

Димекеннің әпкесі Үйсін-Албан Айтжан Түркебаевқа турмысқа шыққан Әмина апа: «Біз тегіміз қазақ, Үйсінбіз, әжемиз татар болғандықтан білмейтіндер бізді ноғаймен шатастырады» деген сөзді ол кісі де айтады екен.

Ата-тегіне байланысты Димекеннің өмірінде тағдыры тәлкекке түскен кездері болғаны құпия емес. Міне, сондықтан ол басында оқуға келген медреседен кетеді. Себебі белгілі.

Мәскеуде оқып жүргенде оны байдың баласы, қазақ емес деп оқудан шығарып жібереді. Көре алмайтындар жалған арыз жазады. Ол кезде Мәскеуде үлкен қызметте (отызыншы жылдары) жүрген Тұрар Рысқұлов ағарту министрі В.Луначирскийге телефон шалып, оқудан шыққан студент Д.Қонаевты алтын және түсті металдар институтына қайта алдырады. Міне, сондықтан Димекен оның жақсылығын өл-өлгенше ұмытпады. Алматыдағы әйеліне барлық жағдай жасады. Тіпті, Мәскеуде тұратын қызына империя астанасынан пәтер алып берді.

Д.Қонаевтың қазақ екенін дәлелдеп, Мәскеуге барған, тууы туралы куәліктің жаңа көшірмесін апарған Атымтай Қисанов болатын. Димекеннің естелігін аударған аударған Серік Әбдірайымов «Менде Димекеннің туу туралы куәлігі бар. Бір реті келгенде көрсетермін» деп жүргенде дүние салды. Жазушы мұрағатында бұл құжаттың бар екеніне күмәнім жоқ. Өкініштисі, өзін көргенім жоқ. Отызыншы жылдары алынған жаңа куәлік болар.

Димекеннің Балқашта қызмет етіп жүргенде партиялық билетінде ұлты «татар» деп жазылғаны жөнінде бұрыннан айтылып жүр. Мен өзім о бастағы түпнұсқасын көрген емеспін. Біреулердің қолдан жасап, ойдан шығарғандарының көшірмесі ме деп ойлаймын.

(Жалғасы бар)

Ораз ҚАУҒАБАЙ,
қонаевтанушы

Удар по отличникам – МОН отменило привилегии алтынбелгицев

Министерство образования и науки РК нанесло ощутимый удар по институту школьных отличников – отменило привилегии при поступлении в вуз обладателей знака «Алтын белгі» (выпускников, отучившихся все классы на отлично). Отныне при поступлении в вузы МОН сделало ставку на показатели несовершенно, коррупционного ЕНТ, а все результаты за 11 лет отличной учебы – коту под хвост!

«АЛТЫН БЕЛГІ» ТЕРЯЕТ СВОЮ ЦЕННОСТЬ

В середине марта на некоторых сайтах появилась новость с «незаметными» названиями «Будут изменены условия распределения грантов обладателям знака «Алтын белгі», «Гранты для обладателей «Алтын белгі» планируют распределять по-новому» и т.д. Оказалось, в мажоритарии одобрили поправку, в которой предусмотрено распределение грантов для обладателей знака «Алтын белгі» по новым правилам. Однако это не «новые правила», а отмена привилегий обладателей знака «Алтын белгі» при поступлении в вуз, которые были до этого года.

«Эту поправку депутаты поддержали, она говорит о том, что теперь гранты будут присуждаться при равенстве баллов по ЕНТ обладателям «Алтын белгі», – сказал Ерлан Сагадиев. Министр добавил, что в прошлом году в Астану приехало достаточно большое количество родителей выпускников, которые просили именно внести ясность в этот вопрос. «К примеру, были такие вопросы: почему, если у меня 130 баллов и я не прохожу, а у него 120 баллов – он проходит. Как раз эта поправка нам и мешала распределять гранты только по баллам», – пояснил Ерлан Сагадиев» (zakon.kz, 13.03.2018).

Раньше обладатели «Алтын белгі», сколько бы не получили баллов, в любом случае получали образовательный грант. Теперь это преимущество будет только тогда, когда у обладателя «Алтын белгі» одинаковое количество баллов при конкурсе.

При этом МОН слухавило, что оставили одно преимущество: мол, при равных баллах при поступлении проходит алтынбелгиец. Во все времена при равных баллах смотрели на оценки в аттестате, на средний балл в аттестате, например, у одного выпускника – тройки и четверки, у другого – четверки и пятёрки, преимущество – у второго. А в аттестате отличника – все пятёрки, т.е. это преимущество есть и без ненужного ныне знака «Алтын белгі».

В советское время выпускники, закончившие школу на отлично, имели привилегии при поступлении в учебные заведения. После окончания 8-летней школы отличник мог без вступительных экзаменов поступить в среднее учебное заведение. После окончания средней школы медалистам при поступлении в вуз необходимо было сдать лишь один профильный для данного вуза экзамен. Были жесткие требования для достижения от-

личной учебы на протяжении 10 лет учебы, и в целом в советское время было полное доверие к аттестатам с отличием, с которыми заканчивали небольшое количество выпускников.

У нас же одним из причин отмены привилегий для отличников было их большое количество в 2017 г. – в два раза больше, чем в 2016! А также низкие баллы по ЕНТ у многих алтынбелгицев. И вместо анализа и адекватного разрешения этой проблемы наши чиновники бросаются из одной крайности в другую – полностью отменили привилегии для обладателей знака «Алтын белгі»!

Например, можно было сделать так: если претендент на «Алтын белгі» получил по ЕНТ ниже 100 баллов, то лишается этой медали. Или можно было сделать, как в России, где отменили привилегии обладателям золотой медали, но на 10 баллов увеличивают результаты ЕНТ. При желании можно найти и другие пути.

ТРОЕЧНИКИ УСПЕШНЕЕ ОТЛИЧНИКОВ?!

Иными словами, должны были определенные требования для алтынбелгицев. У нас же министерство постфактум приступило к проверке школ, где выпускники-обладатели «Алтын



белгі» получили на ЕНТ наименее низкие баллы. Ведь эта проверка – это завуалированное признание того, что «Алтын белгі» не всегда присуждается достойным. Кстати, это и проблема оценивания школьников: ныне часто ставят завышенные оценки, чтобы повысить рейтинг школ – иногда в начальных и средних классах чуть ли не половина школьников в отличниках.

Понятно, идея родилась из-за того, что золотые медали нередко получали незаслуженно, говорят, что их продают. Надо иметь в виду: если ученику с четверками хотят сделать «Алтын белгі», то

директору школы придется подделывать протоколы, таблицы за те классы, где имелись годовые четверки, а также выдать поддельные похвальные листы. Эти документы затем высылаются в Астану для подтверждения.

Если такие факты имеются, то надо привлекать руководителей к ответственности за подделку документов, и такие нарушения надо выявлять как органам управления образования, так и педагогам и родителям. Но бывают и такие случаи: ребенок учился все классы на отлично и шел на «Алтын белгі», а директор школы требует за это «вознаграждение». Или ребенка директора школы, акима или другого начальника учителя «поддерживали» на одни пятёрки на протяжении всей учебы, в итоге он «натянута» становится обладателем золотой медали.

С этим надо бороться, но медаль есть медаль. Конечно, бывают случаи неадекватного оценивания знаний школьников, но обычно, чтобы все годы учиться на отлично, надо иметь соответствующую базу. Все-таки человек старался и в течение 11 лет был лучшим среди одноклассников, а ЕНТ не всегда может это показать. В то же время надо ужесточить требования для получения «Алтын белгі», а при низких баллах в ЕНТ – лишать медали.

Все это регулируемо, потому что основа нынешних споров одна – коррупция, в которой подозревают и при получении «Алтын белгі», и при получении высоких баллов в ЕНТ. В самом деле, явное противоречие: не

учился на отлично и у него высокий балл, чем у алтынбелгица. И наоборот: алтынбелгиец не списывал, и у него балл ниже, чем у списавшего хорошиста или троечника.

Есть также пресловутая распространенная точка зрения: мол, троечники достигают больше успехов, чем прилежные отличники. Во-первых, троечники значительно больше отличников, и среди троечников действительно немало одаренных выпускников школ и вузов. Во-вторых, «ботаники», научные работники, ученые, профессии умственного труда, куда обычно



идут отличники, имеют небольшую зарплату, особенно у нас. А другие профессии, особенно в предпринимательстве, бизнесе, торговле, сфере управления и т.д. – зарплата и привилегий намного больше. Отсюда кажется, что троечники успешнее отличников.

В развитых странах учителя, врачи, юристы, научные работники и т.д. имеют большую зарплату, и нет деления на троечников и отличников, как у нас. При этом проблема оценивания в школе и вузе у нас остается на фоне небывалой коррупции...

НЕОБХОДИМО СОВМЕЩЕНИЕ ТРАДИЦИОННЫХ ЭКЗАМЕНОВ С ЕНТ

Все-таки привилегии для обладателей «Алтын белгі» должны быть – это своего рода ориентир и награда для постоянной и усидчивой учебы, для своеобразного соревнования среди успевающих школьников, это некий «паровоз», который подтягивает весь класс (школу) вслед за отличниками.

К тому же отмена привилегий для обладателей знака «Алтын белгі» может привести к перекоосу: школьники будут готовиться только к тестированию, раз отличные оценки за учебу и золотая медаль не дают преимуществ при поступлении в вуз.

Да, есть развитые страны, где оценок не ставят или есть сложная дифференцированная шкала оценок, которую можно перенять. Кстати, дифференцированная шкала оценок действует в Назарбаев интеллектуальные школы. Но тогда надо полностью устранить коррупцию в школе, поднять компетенцию учителей, что пока труднодостижимо.

В данное время результаты учебы за 11 лет и результаты ЕНТ могут различаться, потому что это разные системы, а должны друг друга дополнять. К тому же необходимо учитывать выпускные экзамены – хорошие или отличные оценки прибавлять в виде дополнительных баллов к ЕНТ.

Лишь с 2015 г. в аттестаты выпускников стали выставлять общую оценку по предмету, то есть учитывались и результаты ЕНТ, и годовые старания школьников.

Основной недостаток ЕНТ: тестирование никаким образом не может оценить устную речь выпускника, его способность излагать свои мысли, отчасти – аналитические способности. Ныне с помощью изменения формата тестирования педагоги пытаются преодолеть этот недостаток, но пока безуспешно по причине низкого качества тестовых за-

даний. Также стараются ввести искусство написания эссе.

По этой причине наиболее оптимальный выход – совмещение традиционных экзаменов с тестированием, глубокими знаниями с поверхностными, творческих исканий с набором готовых ответов, индивидуального со стандартным. ЕНТ не должно быть основным видом контроля, а дополнительным к традиционным экзаменам. Их сочетание даст дифференциальный подход к оценке знаний.

В вузах многих стран экзамены по гуманитарным специальностям начинаются не с тестирования, а с творческих заданий (сочинений, эссе), в которых проявляются индивидуальные способности абитуриента.

